

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар

Государственные нормативные документы в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства

**ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗБЕН
ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІН ТЕХНИКАЛЫҚ
ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**ПРАВИЛА ТЕХНИЧЕСКОЙ ЭКСПЛУАТАЦИИ
СИСТЕМ СНАБЖЕНИЯ СЖИЖЕННЫМ ГАЗОМ В
ЖИЛЫХ ДОМАХ**

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2012

Алғы сөз

| | |
|--|--|
| ӘЗІРЛЕГЕН: | «Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы |
| ҰСЫНҒАН: | Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ: | Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 10.01.2012 ж. № 5 бұйрығымен 01.05.2012ж. бастап енгізілді. |
| ОРНЫНА: | Алғашқы рет |

Предисловие

| | |
|------------------------------------|--|
| РАЗРАБОТАН: | Акционерным обществом «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства» |
| ПРЕДСТАВЛЕН: | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ: | Приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 10.01.2012 г. № 5 с 01.05.2012 г. |
| ВЗАМЕН: | Впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы Уәкілетті органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа РК в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства.

Мазмұны

| | |
|---|----|
| 1 Қолданылу саласы..... | 1 |
| 2 Нормативтік сілтемелер..... | 2 |
| 3 Терминдер, қысқартулар мен анықтамалар..... | 2 |
| 4 Жалпы ережелер..... | 5 |
| 5 Газ құбырларына, сыртқы және үй ішіндегі газ жабдығына қойылатын талаптар..... | 6 |
| 5.1 Техникалық пайдалануды ұйымдастыру..... | 6 |
| 5.2 Жер асты газ құбырларын тығыздау..... | 7 |
| 5.3 СМГ пайдаланушы тұтынушыларды тауарлық газға көшіру кезінде газды беру..... | 7 |
| 5.4 Сұйытылған мұнай газын алғашқы ағызу..... | 9 |
| 5.5 Сұйытылған мұнай газын қайтадан іске қосу..... | 12 |
| 6 Жеке тұрғын үйлерде газ жабдығын пайдалану..... | 15 |
| 7 СМГ-дың резервуарлық және баллондық қондырғыларын пайдалану..... | 17 |
| 7.1 Резервуарлық қондырғыларды пайдалануға беру..... | 17 |
| 7.2 Баллондық қондырғыларды пайдалануға беру..... | 19 |
| 7.3 Баллондық қондырғыларды пайдалану..... | 20 |
| 7.4 Резервуарлық қондырғыларға СМГ-ды құю..... | 22 |
| 7.5 Резервуарлық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу..... | 23 |
| 7.6 Жер асты резервуарлық қондырғыларынан СМГ-дың бу фазасының газ құбырларындағы конденсаттық және гидраттық бітеулерді жою..... | 26 |
| 8 Көппәтерлі тұрғын үйлерде газ жабдығын пайдалану..... | 26 |
| 9 Қауіпсіздік техникасы және жұмыстарды орындау кезде еңбекті қорғау..... | 33 |
| 10 Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік..... | 37 |
| А-қосымшасы (ақпараттық)..... | 38 |
| Б-қосымшасы (ақпараттық)..... | 41 |
| Библиография..... | 82 |

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІН ТЕХНИКАЛЫҚ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Қолдануға енгізілген күні –2012.01.05

1 Қолданылу саласы

1.1 Тұрғын үйлерді сұйытылған газбен жабдықтау жүйесін техникалық пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Ереже) ведомстволық тиесілігіне қарамастан барлық кәсіпорындар мен ұйымдар үшін, сондай-ақ кооперативтер, жалдағы кәсіпорындар және сұйық газбен қамтамасыз ету жүйелерін, Қазақстан Республикасы аумағындағы тұрғын үйлердің газды қолданатын объектілерін пайдаланатын шаруашылық қызметтің басқа да субъектілері үшін міндетті.

1.2 Осы Ереже тұтынушыларды сұйытылған мұнай газдарымен қамтамасыз етуге және осы газдарды отын ретінде пайдалануға арналған газбен қамтамасыз ету жүйелерінің объектілерін техникалық пайдалану бойынша жұмыстар өндірісін реттейді.

Ереже міндетті ережелер мен тұрғын үйлерді сұйық газбен қамтамасыз ету жүйелерін, газбен қамтамасыз ету жүйелерінде және газды тұтынушылардағы қолданылатын аппаратураны, сондай-ақ ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды пайдалану кезінде қойылатын талаптарды қамтиды.

Сұйық газбен қамтамасыз ету жүйелерін пайдалану кезінде сондай-ақ тиісті жабдықты пайдалану бойынша нұсқаулықтардың талаптарын басшылыққа алу қажет.

1.3 Осы Ереже тұрғын ғимараттардың газ жабдығына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеуге және мыналарды:

- тұрғын үйлерді қамтамасыз ету үшін жүргізілген сыртқы (жер асты, жер үсті, жердегі) газ құбырларын;
- тұрғын ғимараттардың газ пайдаланушы жүйелерін және газбен қолданылатын құрылғыларын;
- сұйытылған мұнай газының резервуарлық және баллондық қондырғыларын техникалық пайдалануға талаптарды қамтиды.

Ереже мыналарға:

- металлургиялық өндірістердің газ жабдығына;
- химиялық, мұнай химиялық және мұнай өндіру және шикізат ретінде газды қолданатын басқа да өндірістердің газ жабдығына;
- автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларына;

- жылжымалы газ пайдаланушы қондырғыларға, автомобиль, темір жол көлігінің, ұшатын аппараттардың, өзен және теңіз кемелерінің газ жабдығына;
- әскери мақсаттағы арнайы газ жабдығына;
- тәжірибелік газ құбырларына және газ жабдығының тәжірибелік үлгілеріне;
- газ-ауа қоспаларының жарылыс энергиясын пайдаланатын немесе қорғаныш газдарын алуға арналған қондырғыларға;
- ішкі алаңдағы газ құбырларына және жылу электр станцияларының ішкі алаңдағы газ құбырларына қолданылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы нормативтік-техникалық құжатта мынадай нормативтерге сілтемелер келтірілген:

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 09 қаңтардағы №532-IV «Газ және газбен қамтамасыз ету туралы» Заңы.

ҚР СТ 1663-2007 «Көмірсутекті сұйытылған отын газдары Техникалық шарттар»

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар мен өнеркәсіп қауіпсіздігін мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің 2010 жылғы 2 шілдедегі № 17 бұйрығымен келісілген «Газбен қамтамасыз ету объектілеріндегі өнеркәсіп қауіпсіздігіне сараптама жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар»;

Техникалық Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі № 172 бұйрығымен бекітілген «Сұйық көмірсутек газдарын пайдалану кезінде өнеркәсіп қауіпсіздігіне талаптар»;

МСН 4.03-01-2003 «Газ бөлу жүйелері».

ЕСКЕРТУ: Осы Ережені қолдану кезінде сілтемелі стандарттар мен жіктемелердің қолданысын ағымдағы жылдағы жағдайы бойынша жыл сайын басылып шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың көрсеткіші» ақпараттық көрсеткіші және ағымдағы жылы шыққан ай сайын басылып шығатын тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексерген орынды. Егер сілтемелі құжат кіргізілсе (өзгертілсе), онда осы Ережені қолдану кезінде кіргізілген (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелі құжат ауыстырусыз енгізілсе, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер, қысқартулар мен анықтамалар

Осы Ережеде сәйкес анықтамалары мен қысқартулары бар мынадай терминдер қолданылады:

Апаттық қызмет көрсету: Жеке немесе заңды тұлғалардың өтініштері негізінде **адамдардың денсаулығы мен өміріне** тікелей қауіпті жою үшін газ

желілік ұйым авариялық-диспетчерлік қызметі (пайдалану ұйымының авариялық газ қызметі) орындайтын авариялар мен оқыс оқиғаларды оқшаулау және (немесе) жою бойынша жұмыстар кешені;

Апаттық-қалпына келтіру жұмыстары: апаттарды жойғаннан кейін газбен қамтамасыз ету жүйелері объектілерінің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша жұмыстар кешені;

Тұрмыстық газ пайдаланатын қондырғылар: Тұтынушылардың газды жеке, отбасылық, үй, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де қажеттіліктер үшін отын ретінде пайдаланатын жабдық (аспаптар, аппараттар, жылу генераторлары және пәтерлерді жылумен қамтамасыз ету үшін қазандар және т.б.);

Енгізбелі газ құбыры: Сыртта орналастырылған ғимаратқа кірмеде өшірілетін құрылғыдан ішкі газ құбырына дейін ғимарат қабырғасы арқылы футлярда жүргізілген газ құбырын қоса алғандағы газ құбырының учаскесі;

Ішкі газ құбыры: енгізбелі газ құбырынан газ пайдаланғыш жабдықтың қондырғысы орнына дейін ғимараттың ішінде жүргізілген газ құбыры;

Ғимараттың газ жабдығы: енгізбелі газ құбыры, ішкі газ құбыры, ғимараттың ішінде немесе сыртында орналастырылған газ пайдаланғыш жабдық, баллондық қондырғы (СМГ-ды отын ретінде пайдалану кезінде);

СМГ-дың топтық баллондық қондырғысы: тұтынушылардың газбен қамтамасыз ету көзі ретінде қызмет атқаратын, СМГ үшін екі және одан артық артық баллонды, құбырларды, бекітпе арматураны, газ қысымын реттегішті, сақтандыру-ығыстыру клапанын, манометрді қамтитын технологиялық құрылғы;

Газ пайдаланғыш жабдық (қондырғы): отын ретінде газды пайдаланатын жабдық;

Газды қауіпті жұмыстар: газдалған ортада орындалатын немесе олар кезінде газдың шығуы мүмкін жұмыстар;

Кірме газ құбыры: таратушы газ құбырына қосылу орнынан енгізбелі газ құбыры немесе жер асты орындалған ғимаратқа кірмедегі футляр алдындағы өшірілетін құрылғыға дейінгі газ жабдықтау жүйесінің газ құбыры ;

Газ желі ұйымы (ГЖҰ): аккредиттеу туралы куәлігі бар және газ толтыру станциясын, топтық резервуар қондырғыларды, газ пайдаланушы жүйелерін және сұйытылған мұнай газын тұтынушыларының газ жабдықтарын пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлға;

Бұйым (техникалық құрылғы): құжаттамасы конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің (КҚБЖ), техникалық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің (ТҚБЖ) және жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің (ЖҚБЖ) мемлекеттік стандарттарының ілеспе құжаттамасын ресімдеудің топтамасын және ережесін белгілейтін талаптарына сәйкес болуы тиіс өнеркәсіптік өнімнің бірлігі. Құрылыс нормаларының талаптары мен ережесі бұйым конструкциясына және ілеспе құжаттамаға қолданылмайды.

СМГ-дың жеке баллондық қондырғысы: тұтынушыларды газбен қамтамасыз ету көзі ретінде қызмет жасайтын, СМГ-ға арналған бір жұмыс баллонды және бір қосалқы баллонды, құбырларды, газ қысымын реттегішті қамтитын технологиялық құрылғы;

Сыртқы газ құбыры: өшірілетін құрылғыға дейін енгізбелі газ құбыры алдындағы немесе жер асты орындалған ғимаратқа кірмедегі футлярға дейін ғимараттардан тыс жүргізілген жер астындағы, жердегі және жер үстіндегі газ құбыры;

Газ жарылғыштығының төменгі шеті – сұйытылған мұнай газының ауада 1,5 % тең болуы

Отпен жұмыстар: ашық отты қолдануға байланысты жұмыстар;

Одоризациялау: газдың шығуын анықтау үшін газға тік иісі бар затты (одорант) қосу;

Газдың қауіпті концентрациясы: газдың жарылуының төменгі шегінің 50%-на және одан артыққа тең ауадағы концентрация (газдың көлемдік үлесі);

Газбен қамтамасыз ету жүйелерін қорғау аймағы: қауіпсіз пайдалану жағдайларын қамтамасыз ету және олардың бүлінуін болдыртпау мақсатында газбен қамтамасыз ету жүйелері объектілерінің айналасында орнатылатын пайдаланудың ерекше жағдайлары бар аумақ;

Тұтынушы: Тұрмыстық, коммуналды- тұрмыстық немесе өнеркәсіптік тұтынушы;

Сұйытылған мұнай газы; СМГ: құраушыларының сапалық және сандық мөлшері бойынша Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері мен мемлекеттік стандарттарына жауап беретін, тасымалдау және сақтау мақсатында сұйық күйге өзгертілген жеңіл көмірсутектердің (пропан-бутандық фракцияның, пропанның, бутанның) қоспасы;

Газбен қамтамасыз ету жүйесі: Тауарлық немесе сұйық мұнай газды өндіруге, тасымалдауға (тасуға), сақтауға, өткізу мен тұтынуға арналған технологиялық өзара байланысы бар объектілер кешені;

Қайта құру: газбен жабдықтау жүйелерінің қолданыстағы объектілерін қайта құру, оның ішінде олардың техникалық деңгейін немесе пайдалану жағдайларын жоғарылату мақсатында негізгі техникалық сипаттамаларын өзгерте отырып қайта құру жөніндегі жұмыстар кешені және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар;

Жөндеу: бұйымдардың (газ құбырларының және құрылыстардың) жарамдығын немесе жұмысқа қабілеттігін қалпына келтіру және бұйымдардың немесе олардың құрамдас бөліктерінің ресурстарын қалпына келтіру бойынша операциялар кешені;

СМГ-дың резервуарлық қондырғысы: СМГ резервуарларын, сұйық және бу фазаларының газ құбырларын, буландырғышты, реттеуші және бекітпе арматураны, бақылау-өлшеу құралдарын қамтитын, тұтынушыларды газбен қамтамасыз ету ретінде қызмет жасайтын технологиялық құрылғы;

Техникалық пайдалану: газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін пайдалануға қосу және оларды техникалық қызмет көрсету, жөндеу, техникалық диагностикалау және жұмыстардың басқа да түрлері арқылы пайдалану процесінде жарамды және жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау бойынша жұмыстар кешені;

Техникалық диагностикалау: пайдалану процесінде немесе қызмет көрсету мерзімінің өтуінен газ құбырларының және газбен қамтамасыз ету жүйелерінің басқа да объектілерінің техникалық жағдайын анықтау үшін жұмыстар кешені және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар;

Техникалық қызмет көрсету: мақсаты бойынша пайдалану кезінде, сақтау және тасымалдау кезіндегі күту режимінде бұйымдардың (техникалық құрылғылардың) жұмысқа қабілетігін немесе жарамдығын ұстау бойынша операция немесе операциялар кешені;

Пайдаланушы ұйым: газ жабдықтау жүйелері объектілерін, СМГ объектілерін, СМГ-дың резервуарлық және топтық баллондық қондырғыларын, ғимараттардың газ жабдығын техникалық пайдалануды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйым (ГЖҰ, ұйым: газ бөлу жүйесі объектісінің меншік иесі, жалға алушы);

SDR: құбырдың сыртқы номиналды диаметрінің қабырғасының номиналды қалыңдығына қалыпты өлшемдік қатынасы;

АДҚ: авариялық-диспетчерлік қызмет.

4 Жалпы ережелер

4.1 Қазақстан Республикасының қалаларындағы, кенттері мен ауылды елді мекендеріндегі газ құбырларын, газ жабдығын, көппәтерлі тұрғын үйлердегі автоматтандыру, қорғау және сигнализация жүйелерін пайдалану белгіленген тәртіпте аккредиттеуден өткен газ желілік ұйымдарға рұқсат етіледі.

4.2 Газ желілік ұйымдар, газ толтыратын пункттердің, автоназ құю станцияларының иелері мыналарды:

- 1) тұтынушыларды газбен үздіксіз қамтамасыз етуді;
- 2) олардың балансындағы, сондай-ақ шарттар бойынша қызмет көрсететін газбен қамтамасыз ету жүйелерін қауіпсіз пайдалануды;
- 3) әзірленген газбен қамтамасыз ету кестесіне сәйкес, олардың ведомстволық бағыныстығына қарамастан, тұрғын үйлерді газдандыруға техникалық жағдайларын беруді;
- 4) тұтынушылардың барлық санаттарының газды шығындау есебін және тиімді пайдалануын бақылауды;
- 5) өндірістік процестердің тиімділігін, сенімділігін және қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жаңа техниканы ендіруді;

б) аварияларды және жазатайым оқиғаларды, авариялық жағдайларды олардың алдын алу бойынша іс-шаралар әзірлеу мақсатында уақытылы тексеру, есепке алу және талдауды;

7) тұрмыста газды пайдалану кезінде халыққа нұсқау беруді және қауіпсіздік ережесін насихаттауды қамтамасыз етуге міндетті.

4.3 Газбен қамтамасыз ету жүйелерін пайдалану мыналарды қамтиды:

- 1) техникалық қызмет көрсетуді;
- 2) жоспарлы жөндеу жұмыстарын (ағымдағы және күрделі жөндеуді);
- 3) авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын;
- 4) мезгілді жұмыс істейтін жабдықты қосуды және өшіруді;
- 5) қолданылмайтын газ құбырларын және газ жабдығын өшіруді;
- 6) абоненттердің өтініштері бойынша газ жабдығын жөндеу жұмыстарын орындауды.

4.4 Бұзушылықтардың сипатына байланысты басшылар, мамандар, жұмысшылар мен азаматтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

4.5 Газ жабдықтау жүйесіне апаттық қызмет көрсету тәулік бойы газ желі ұйымының АДҚ жүзеге асырылады.

4.6 Екі қабаттан артық қабатты көппәтерлі тұрғын ғимараттардың үй-жайларында (пәтерлерінде) жеке газ-баллондық қондырғыларды қолдануға тыйым саынады.

5 Газ құбырларына, сыртқы және үй ішіндегі газ жабдығына қойылатын талаптар

5.1 Техникалық пайдалануды ұйымдастыру

5.1.1 Жүйелер объектілерін техникалық пайдалану кезінде мынадай жұмыстар атқарылады:

- техникалық қызмет көрсету;
- жөндеулер (ағымдағы және күрделі);
- жер асты газ құбырларын реконструкциялау;
- мезгілді жұмыс істейтін газ пайдаланғыш жабдықты қосу және өшіру;
- қолданылмайтын газ құбырларын және газ пайдаланғыш жабдықты өшіру және қайта монтаждау;
- техникалық диагностикалау.

5.1.2 Пайдаланушы ұйымның белгіленген тәртіпте бекітілген нормативтік құжаттарда көзделген көлемде техникалық пайдалану бойынша жұмыстарды орындау үшін жеткілікті жабдығы, аспаптық техникасы, автокөліктік құралдар мен тетіктері, технологиялық жарақ, саймандары мен материалдары болуы тиіс.

5.1.3 Қолданылатын материалдар сапасын, изоляциялық және пісіру жұмыстары өндірісін тексеруді зертхана немесе пайдалану ұйымының басқа да арнайы бөлімшелері жүргізеді.

5.1.4 Техникалық пайдалану бойынша жұмыстардың құрамы, олардың орындалу мерзімі, әдістері мен тәсілдері «Газбен қамтамасыз ету жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің және осы Ереженің талаптарына сәйкес болуы қажет.

5.1.5 Газ қауіпті жұмыстарды ұйымдастыру техникалық қауіпсіздік бойынша ережеде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

5.1.6 Өндірістік нұсқаулықтар «Газбен қамтамасыз ету жүйелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің, Сұйық көмірсутек газдарын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, осы Ереженің, жабдық шығарушылар құжаттамасының, белгіленген тәртіпте бекітілген типтік нұсқаулықтар мен ережелердің талаптарына сәйкес әзірленеді.

5.1.7 Пайдаланушы ұйымдағы өндірістік бақылау сұйық мұнай газдарын пайдалану кезінде Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес әзірленген ережелер негізінде орындалатын жұмыстар бейінін ескере отырып жүзеге асырылады.

Өндірістік бөлімшелер (қызметтер) мамандарының біліктілігін арттыруды арнайы оқу курстарында (оқу орталықтарында, комбинаттарында және т.б.) 5 жылда 1 рет немесе одан жиі өткізу ұсынылады.

5.1.8 СМГ объектілерінде және өз жеке газ қызметі бар ұйымдарда авариялық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды қажет болғанда аварияларды оқшаулау және жою жоспарына сәйкес АДҚ-ны қатыстыра отырып, осындай ұйымдардың персоналы орындайды.

5.2 Жер асты газ құбырларын тығыздау

5.2.1 Резервуарлық қондырғыдан СМГ-дың жер асты газ құбырларын нығыздау кезінде жұмыстар мынадай тәртіпте орындалады:

- редуциялық бастағы жоғары қысым шұрасы, төмен қысым газ құбырының краны жабылады;

- тұтынушыларға кірмедегі крандары жабылады, бітеуіштер орнатылады;

- үрленген штуцерге жалғанған резеңке-мата майысқақ түтік арқылы газ қауіпсіз жерге жүргізіліп, мүмкіндігінше жағылады;

- газ құбырын газдан босатқаннан кейін үрленген штуцерге компрессор мен манометрлерді жалғауға арналған құрал орнатылады.

Газ құбыры ұзын болмағанда, компрессор орнына қол сорғыны қолдануға рұқсат беріледі.

5.3 СМГ пайдаланушы тұтынушыларды тауарлық газға көшіру кезінде газды беру

5.3.1 Резервуарлық және баллондық қондырғыдан СМГ-ды пайдаланатын тұтынушыларды тауарлық газға көшіру тауарлы газдың сыртқы және ішкі газ құбырын және газ пайдаланатын жабдықты пайдалануға қабылданғаннан кейін жүргізіледі.

5.3.2 Жұмыстар олардың орындалу мерзімдері мен тәртібі, персоналдың, механизмдер мен құралдардың қажеттігі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары көзделетін, сондай-ақ жұмыстарға жалпы басшылықты жүзеге асыратын адамдар анықталған жоспар бойынша жүргізілуі тиіс.

5.3.3 Тауарлы газға көшіру бойынша жұмыстар басталғанға дейін мыналарды:

- жаңадан салынған және қолданыстағы газ құбырларының орындау-техникалық құжаттамасын зерделеу;

- қайта монтаждауға жатпайтын қолданыстағы жер асты газ құбырлары учаскелерінің изоляциялық үстінің сапасын аспаптық әдіспен (топырақты ашпастан) тексеру және анықталған кемшіліктерді жою;

- қайта монтаждауға жатпайтын қолданыстағы сыртқы және ішкі газ құбырларында орнатылған бұрандалық қосындылардың тұмшалануы және өшіру құрылғыларының жұмысқа қабілеттігін тексеру, анықталған ағындылар мен ақаулықтарды жою;

- қайта монтаждауға жатпайтын қолданыстағы жер үсті және ішкі газ құбырларының газ ағындысының жоқтығын аспаптық әдіспен (ағындыны іздеуішпен, газ индикаторымен), сыртқы қарап тексеру арқылы газ құбырларының қосылулары мен түсінің жағдайын тексеру;

- бу және желдеткіш арналардың тартуын тексеру, газ пайдаланғыш жабдықтың техникалық жағдайын қарап тексеру және анықталған ақаулықтарды жою, газ аспаптары мен аппараттарының жанарғы шүмектерін ауыстыру;

- абоненттерде орнатылған газ құралдары мен жабдықтарға шығарышылардың техникалық төлқұжаттарының болуын тексеру, онда көрсетілген газдың басқа түріне көшіру тәртібімен танысу;

- пәтерлердің, ғимараттардың меншік иелеріне (жалдаушыларға, жалға алушыларға) тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану ережесі бойынша нұсқау беру.

5.3.4 Газ тұтынушыларды (абоненттерді) үш күннен кешіктірмей пайдалану ұйымы персоналына белгіленген уақытта газ пайдаланғыш жабдыққа рұқсат беру қажеттігі туралы ескерту қажет.

5.3.5 Тауарлы газды беруді газбен жабдықтау желісінің қолданыстағы газ құбырына жаңадан салынған газ құбырларын қосумен қатар бір уақытта жүргізу қажет.

5.3.6 Бұрын резервуарлық немесе топтық баллондық қондырғылардан СМГ пайдаланған тұтынушыларды тауарлы газға көшіру кезінде газды беруді мынадай тәртіпте жүргізу ұсынылады:

- резервуарлық қондырғыдан газды өңдеу және шығару;

- резервуарлық және топтық баллондық қондырғыларды бу фазасының қолданыстағы газ құбырларынан өшіру;
- ғимаратқа кірмеде өшіргіш арматурасын жабу;
- өшірілген сыртқы газ құбырын ауамен үрлеу;
- бітеуішті орната отырып, қайта монтаждалатын газ құбыры учаскесін кесу;
- ауамен бақылау тексеруді жүргізу және жаңадан салынған газ құбырын қолданыстағы жер асты немесе жер үсті газ құбырына қосу;
- ғимаратқа кірмеде өшіргіш арматурасын ашу және газ құралдары (газбен үрлеу жүргізілетін құралдан басқа) алдындағы крандарды жабу;
- жалғанған сыртқы және ішкі газ құбырларын газбен үрлеу;
- газ құралы алдындағы газ қысымын тексеру, жанарғыларды жағып тексеру және газдың жануын реттеу;
- жер асты газ құбыры қосылуының пісірілген құрамасын оқшаулау, пісіру жұмыстары жүргізілген ордың алдын сеуіп тастау;
- газ құбырларының, резервуарлық және топтық баллондық қондырғылардың өшірілген учаскелерін қайта монтаждау.

5.3.7 Газ құбырларын ауамен және газбен үрлеу, ауамен бақылау тексеру жүргізу және жаңадан салынған газ құбырларының қолданыстағыларға жалғануы РДС РК 4.03-04-2001 «Газбен қамтамасыз ету жүйелерін салу мен қайта құруды алдын ала қадағалау туралы ереженің» және осы Ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

5.3.8 Өшірілген резервуарлық қондырғылар және жер асты газ құбырларының учаскелері қайта монтаждау алдында дегазациялау тиіс. Жер асты газ құбырлары дегазациялаудан кейін пісіріледі.

Резервуарлардың қайта монтаждалуы дегазациялаудан кейін 10 күннен кешіктірілмеген мерзімде жүргізілуі тиіс.

СМГ резервуарларын басқа ұйымдарға беру кезінде оларды қайта монтаждау бойынша жұмыстарды пайдаланушы ұйымның өкілі орындаған резервуарларды дегазациялау туралы актінің болуы кезінде оның қатысуымен осы ұйымдардың персоналы жүргізуі мүмкін.

5.3.9 Жеке баллондық қондырғылардан СМГ-ды пайдаланатын тұтынушыларды тауарлы газға көшіру кезінде жеке баллондық қондырғыларды қайта монтаждау және газ құралдары мен жабдығын ішкі газ құбырларына жалғау жүргізіледі.

5.3.10 Жұмыстар аяқталғаннан кейін, акт-жүктелімдер, дегазациялау туралы актілер және абоненттерді жүргізілген нұсқау беру туралы мәліметтер ғимараттардың газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын пайдаланушы ұйымға беріледі.

5.4 Сұйытылған мұнай газын алғашқы ағызу

5.4.1 СМГ алғашқы ағызу жаңа тұрғызылған немесе қайта құрудан өткен тұрғын, коммуналды және өнеркәсіптік арнаудағы объектілерінің газбен жабдықтау жүйесінде жүзеге асырылады:

Газды іске қосу басшысы (шебер) объектіге шығар алдында:

1) жұмыстарды жүргізуге акт-нарядты алады және орындаушы құжаттамаларымен таныстырылады;

2) іске қосу бригадасының жұмысшыларына наряд-рұқсаттамада қол қоюымен жұмыстарды жүргізу (тәртібі) технологиясы бойынша және қауіпсіздік шаралары жөнінде нұсқаулық жүргізеді;

3) жұмыстарды өндіру үшін қолданылатын аспаптарының, құралдарының, құрылғыларының және материалдарының толымдылығын, жеке қорғану құралдарының бар болуын тексереді.

5.4.2 газды алғашқы ағызу бойынша жұмыстар келесі тәртіп бойынша өндіріледі:

1) ғимартқа енгізуден бастап газ пайдаланушы жабдығының алдында орнатылған өшіру қондырғыларына дейін газ құбырларының механикалық зақымдануын сыртқы көзбен шолу, газ аспаптар мен құрылғыларының жобаға сәйкес орналастыруын, олардың жинақылығын және газ құбырына жалғануын тексереді. Газ құбырларына жалғанбаған газ пайдаланушы жабдығының алдында орнатылған өшіру қондырғылары акт құруымен бірге бітелуге тиіс;

2) ішкі газ құбырларында өшіру құрылғыларының бар болуын және жұмысқа қабілеттілігін тексеру; бригада жұмыстар басшысының бұйрығымен аспаптардың, қадаушаларының және аспаптардың алдындағы шүмектерінде майлауды жүргізеді;

3) газ енгізулерін ішкі газ құбырларынан ажыратуды тексеру. Енгізудегі өшіру құрылғылары жабық болуға тиіс;

4) анықталған жөндемсіздіктерді жою;

5) түтін және вентиляциялық каналдарын пайдалануға жарамдылығын және олардың жөнділігін растайтын актілерінің бар болуын тексеру;

6) газ құбыларын, газ аспаптарын және құралдарын 5 мин. ішінде 500даПа қысымда ауамен бақылау тығыздауды жүргізу. Манометр бойынша қысымның 20 даПа артық төменделуі кезде, сабынды эмульсия арқылы ағу орнын анықталуы жүргізіледі, ақауларды жою және қайтадан тағыздау. Егер төменделу рұқсат етілгеннен артық болмаса, онда газ құбыры және аспаптар сынақтан өткен болып есептелінеді және олардың қорытындылары газ қауіпті жұмыстары нарядына жазылады;

7) шебер өзі үйдің ішкі газ жабдықтау жүйесі герметикалық болуына көз жеткізіп болғаннан соң жүйеге газ қосу бойынша негізгі операцияларын орындауына бұйрық береді:

- бригадир подъездің барлық пәтерлерінен өтеді, аспаптар алдындағы барлық шүмектерін жабады, газ аспаптарының өзінде шүмектер мен тиекті құрылғыларының жабылуын тексереді;

- егер газдың жаңа газ құбырларына қосылуы әрекеттегі газ құбырларына қосылуымен бірге болса, бақылау тығыздау жалғастыруға дейін және жалғастырудан кейін жүргізіледі;

8) ішкі газ құбырларын газ енгізулеріне жалғастыру. Енгізудегі, қадаушалардағы, сондай-ақ газ аспаптар және құрылғылар алдындағы өшіру құрылғылары жабық қалыпта болуы керек.

9) енгізудегі өшіру құрылғын ашу, газдың ағып кетуін анықтау мақсатында ішкі газ құбырының жалғастыру орнын сабынды эмульсиямен немесе газ индикаторымен тексеру;

10) ішкі газ құбырларында газбен үрлеу үшін өшіру құрылғыларын кезекті (газдың кетуі бойынша) ашылуы.

5.4.3 Газбен үрлеп тазарту кезінде іске қосу бригадасының жұмысшының үздіксіз бақылау астында газ ауалық қоспаны шығуы терезе арқылы атмосфераға газ аспабының от жанатын мойнына жалғастырылған резеңкелі шлангі арқылы өндіріледі. Сонымен бірге төменгі қабаттағы терезелер мен желдеткіштері жабық болуға тиіс. Шлангінің ұшы терезеден 0,5 метрден кем емес шығуы керек, ал желдеткіш газдың немесе газ ауалық қоспасының асүй бөлмесіне желдің үрлеу кезінде кірмес үшін жабық болуға тиіс. Шлангі өзінің салмағынан асүй еденіне құламас үшін оның желдеткіш арқылы шығу орынға бекітіп қою қажет. Бір жақты қадаушаның бес қабатты үй үшін үрлеп тазарту уақыты 5 минуттан артпайды.

5.4.4 Газ ауалық қоспаны түтін және вентиляциялық каналдар, сатылы алаң және ғимарат бөлмелеріне газбен үрлеп тазартуына тыйым салынады.

Газбен үрлеп тазарту кезінде ашық отпен, электр аспаптарымен пайдалануға, шылым шегуге болмайды, бұнымен газды іске қосуға қатысатын барлық тұлғалар таныстырылуы тиіс.

5.4.5 Газдың іске қосылуы жүргізілетін бөлмелерде бөтен кісілердің, соның ішінде пәтер тұрғындарының болуына тыйым салынады. Бөлмелер үздіксіз желдетіліп қойылуға тиіс.

5.4.6 Үрлеп тазартудың соңы келесі түрмен анықталады:

Металлды ыдысқа $\frac{1}{4}$ бөлігіне су құйылады және оған сабынды эмульсия тураланады, үрлеп тазартушы шлангі қосылған плитаның шүмекшесі жабылады. Желдеткіштен немесе фрамогадан шланг алынып тасталынады және оның ұшы сабынды эмульсиясы бар ыдысқа орналастырылады. Бірнеше секундқа платадағы шүмекше ашылады және сабынды эмульсиясы бар ерітінді көпіршіктер пайда болғанға дейін газбен қанығады. Содан кейін шүмекше қайтадан жабылады. Шлангінің соңы орынға оралады, яғни желдеткіш арқылы сыртқыға лақтырылады. Көпіршіктері бар ыдыс желдетілетін тұрғын емес бөлмеге шығарады. Бригадир созылған қолында ыдысқа жағылған сереңкені әкеледі және көпіршіктегі газды жағып жібереді. Ыдыстағы оттың болмауы үрлеп тазарту уақытына дейін тоқтатылғаны туралы көрсетеді, шатыр-шұтырдың және тарс етілуі – газ құбырында газ ауалық қоспасының бар болуы,

қалыпты сары жалын – берілген қадауаның тазартып үрлеуін біткені туралы есептеуге болатындығы жөнінде.

5.4.7 Қадауша арқылы газбен үрлеп тазарту рет-ретімен өндіріледі, ғимартқа енгізуінен ең алыс орналасқан қадаушадан және ғимараттың жоғары қабатының газ жабдығынан басталады

5.4.8 Газбен үрлеп тазартудан кейін істеу керек:

1) газ аспаптарында және құралдарында газ қысымын манометрдің көмегімен тексеру;

2) газдың ағып кетуін анықтау мақсатында газ құбырларының және темір арқауының жалғастыруларын сабынды эмульсиямен немесе газ индикаторымен тексеріп шығу;

3) вентиляциялық және түтін каналдарында күштің бар болуын тексеру;

4) газ плиталарының жинақталуын және от жанатын мойнының пысылдауығының жанып отырған газдың түріне мен қысымына сәйкестігін тексеру;

5) орнатылған газ аспаптарының және құралдарының зауыт-өндірушілерінің төлқұжат мазмұнымен танысу;

б) аспаптарындағы барлық газ жанушы құрылғыларын кезекпен жағу және газдың жануын тәртіпке келтіру;

7) қауіпсіздік автоматикасының жұмысын тексеру.

5.4.9 Өндіруші төлқұжаттарында газ пайдаланушы жабдықтарының пайдалануға іске қосу бойынша нұсқаулар бар болатын болса газ от жанатын мойнылар мен іске қосуды жөнге келтіру жұмыстары осы нұсқауларға сәйкес жүргізілуі қажет.

5.4.10 Газды іске қосу бойынша жұмыстардың аяқталуы 3 данасында жасалған акт-нарядта жазылуға тиіс, олардың біреуі берілген объектінің орындаушы-техникалық құжаттамаға қосылуы және онымен бірге сақталуы керек, екіншісі тапсырыс берушіге, ал үшіншісі құрылыс-монтаждау ұйымға берілуге қажет.

5.4.11 Газды іске қосу бойынша жұмыстарының аяқталуынан кейін жұмыстардың басшысы әрекеттегі газ жабдықтарын тапсырыс берушінің өкіліне оның жауапкершілігі мен сақталуына тапсырады

5.4.12 Егер газдың іске қосылуының мерзімі ұзартылса және басқа күнге ауысса, онда акт-нарядтың мерзімі ұзартылады және осы күнгі жұмысшыларына қауіпсіз жұмыстар әдістемелері бойынша нұсқаулық жүргізіледі.

5.4.13 Пәтерлерге газдың ағызу бойынша операциясы пәтердің нөмірін, аты-жөнін, жауапты пәтер жалдаушының, аспаптардың түрін көрсетумен алдын алу қызмет көрсету карточкасын толтыруымен аяқталады. Газды іске қосу бойынша жауапты пәтерлерде әрекеттегі жабдықтарды және аспаптарды тапсырыс берушінің өкіліне үйдің толық кіргізуіне дейін сақтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуіне тапсырады.

5.5 Сұйытылған мұнай газын қайтадан іске қосу

5.5.1 СМГ тұрғын, коммуналды және өндірістік объектілердегі газ жабдықтау жүйелеріне қайтадан іске қосу әрекеттегі газбен жабдықтау жүйесінде пайдаланушылық, жөндеу, іске қосу-жөнге келтіру және басқа да жұмыстарды түрлерін орындағанда газбен жабдықтауды уақытша тоқтату жағдайларында жүзеге асырылады.

5.5.2 Газды іске қосу газ қауіпті жұмыс болып табылады және ИТЖ басшылығымен екі кісіден кем емес құрамындағы бригадамен газ қауіпті жұмыстар нарядды бойынша орындалады.

5.5.3 Газды іске қосу күндізгі тәулік мерзімінде өндіру керек.

5.5.4 Көп пәтерлі тұрғын үйлерге ең болмаса бір пәтеріне кіру мүмкіндігі жоқ болған жағдайда газды іске қосылуына тыйым салынады.

5.5.5 Үй ішілік газ құбырларына және газ аспаптарына газды іске қосу, әдетте, сыртқы газ құбырларына газды ағызып болғаннан кейін тікелей жүргізіледі.

5.5.6 Егер үй ішілік газ желілерін тексеру бойынша жұмыстарын жүргізген кезде газ құбырларында ақаулар, газ аспаптары толығымен жабдықталмаған немесе олар жөндемсіз екендігі анықталған болса, барлық ақауларды жойғанға дейін келесі газды іске қосу бойынша барлық жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады. Газды іске қосылуы бола алмайтын жағдайларда пәтердегі газ аспабы актісін құруымен өшірледі.

5.5.7 Газды іске қосу бойынша басшы (шебер объектіге шығар алдында:

- 1) газ қауіпті жұмыстарын жүргізу үшін наряд-рұқсаттаманы алады;
- 2) іске қосу бригадаға жұмыстарды жүргізу бойынша технология (тәртібі) және қауіпсіздік шаралары жөнінде наряд-рұқсаттамады қол қойылуымен нұсқаулық жүргізеді;
- 3) жұмыстарды өндіру үшін қолданылатын аспаптарының, құралдарының, құрылғыларының және материалдарының толымдылығын, жеке қорғану құралдарының бар болуын тексереді.

5.5.8 Газды газ құбырларына және газ аспаптарына қайтадан ағызу бойынша жұмыстар келесі тәртіп бойынша өндіріледі:

- 1) пәтерлерге кіру мүмкіндігін;
- 2) газ құбырларын жөндемсіздіктерді анықтауменен сыртқы көзбен шолу;
- 3) жіберістегі және енгізудегі барлық шүмектерін жабу;
- 4) керек болған жағдайда (жұмыстағы үзіліс 6 айдан көп) сыртқы газ құбырының 2000 мм вод.ст тығыздалуы жүргізіледі. Қысымның төмендетілуі 1 сағаттың ішінде 10 мм вод.ст артық болмауы тиіс;
- 5) сыртқы газ құбырын сұйытылған газ буымен үрлеп тазарту.

5.5.9 Газды іске қосу бойынша жұмыстар келесі тәртіп бойынша жасалауы ұсынылады:

- 1) ғимартқа енгізуден бастап газ пайдаланушы жабдығының алдында орнатылған өшіру қондырғыларына дейін газ құбырларының механикалық зақымдануын сыртқы көзбен шолу, газ аспаптар мен құрылғыларының жобаға

сәйкес орналастыруын, олардың жинақылығын және газ құбырына жалғануын тексереді. Енгізудегі өшіру құрылғылары жабық болуыға тиіс;

2) анықталған жөндемсіздіктерді жою;

3) газ құбыларын, газ аспаптарын және құралдарын 5 мин. ішінде 500даПа қысымда ауамен бақылау тығыздауды жүргізу. Манометр бойынша қысымның 20 даПа артық төменделуі кезде, сабынды эмульсия арқылы ағу орнын анықталуы жүргізіледі, ақауларды жою және қайтадан тағыздау. Егер төменделу рұқсат етілгеннен артық болмаса, онда газ құбыр және аспаптар сынақтан өткен болып есептелінеді және олардың қорытындылары газ қауіпті жұмыстары нарядына жазылады;

4) ішкі газ құбырлары сұйытылған газбен үрлеп тазартылады.

Ауа қысымын түсіру газ құбырының ең алыс орналасқан учаскесінен құрылғы арқылы (жалғастырғыш тетігі бар қысқа сгон, оған үй ішілік газ құбырын үрлеп тазарту кезінде 5 метрден қысқа емес резеңкелі шланг киінеді) басталады. Егер түсіру подъездің қасында жасалатын болса, онда подъездің терезелері, есіктері жабық болуға керек. Содан кейін қауіпті аймақта бөтен кісілердің пайда болуын болдырмау бойынша шаралар қолданылуы тиіс.

Үй ішілік газ құбырын үрлеп тазарту кезіндегі жүргізу тәртібі келесі болады:

- асүйден бөтен кісілерді болдырмау;

- барлық электр құрылғыларын өшіру және ашық оттың көздері жоқ болғанына көз жеткізу;

- ұшы терезеге шығарылған резеңкелі шлангі киленген штуцерді шүмекке немесе плитадағы шүмекке бұрау;

- үрлеп тазарту жүргізілген асүйден төмен және жоғары орналасқан барлық көршілес терезелер мен балкондағы есіктер жабылу тұрғанына көз жеткізу;

- сәйкес плитаның шүмектерін ашу және газ ауалық қоспаның үрлеп тазарту жүргізілетін асүйге терезе арқылы кірмегенін болдырмай, үрлеп тазартуды өндіру;

- үрлеп тазарту үрлеп тазартатын газ құбырынан сынауларды сұрпытау арқылы және оны газ ауалық қоспаны түсіру жұмыстары жүргізілген бөлмеден тыс жерде жандыру арқылы анықталады;

- сынауларды сұрыптау үшін керек:

а) түсіру жүргізілген шүмекті жабу;

б) шлангінің ұшын сабынды эмульсияға түсіру;

в) сабынды эмульсияда көпіршіктер пайда болу үшін шлангі жалғастырылған шүмекшені ашы және қайтадан жабу;

г) сынауы бар шелекті бөлмеден шығарып, көпіршіктерді жандыру. Сынауды жандыру уақытына газ ауалық қоспаның атмосфераға шығарылуын тоқтату;

д) егер сынау тарс етуінсіз жанатын болса, онда үрлеп тазарту біткен деп ойлауға болады.

5) Содан кейін аспаптардағы барлық газ жанғыш құрылғыларды жандыру керек және пәтерге кіру мүмкіндігі бар болған жағдайда газдың жануын реттеп қою қажет. Газ іске қосқаннан кейін от жанатын мойнында газдың жануы реттелгеннен соң және асүй желдеткеннен кейін слесарь барық үлкен пәтер тұрғындарын шақырады және газ құралдарымен қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқаулықты жүргізеді.

5.5.10 Егер газ қосылуының мерзімі ұзартылса немесе келесі күнге ауыстырылса, онда наряд-рұқсаттаманың да мерзімі ұзартылады және осы күнгі жұмысшыларына қауіпсіз жұмыстар әдістемелері бойынша нұсқаулық жүргізіледі.

5.5.11 Жеке пәтердердің тұрғындарынсыз проезддің ішкі разводкасын бақылау тығыздалуының нәтижесі оң болған жағдайда қайтадан газбен жабдықталуына рұқсат етіледі. Мұндай жағдайларда шебер (іске қосу бригаданың басшысы) жоқ болған тұрғындарға газды іске қосылғаны жөнінде және сақтану шаралары туралы хабарландыру қалдыруы тиіс. Газ қауіпті жұмыстары нарядында орындалған жұмыстары жөнінде белгі қойылады.

5.5.12 Қысымның тығыздалу кезде рұқсат етілгеннен тым түсірілуі байқалса, подезге енгізу шүмегі (қадауша) жабылады, сондай-ақ бұл уақытта алдын ала шүмектің тығынының өткізгішсіздігі қамтамасыз етіледі. Берілген жағдайда газды іске қосу тығыздау кездегі қысымның төмендетілудің себебі анықталып, жойылғаннан кейін өндіріледі.

6 Жеке тұрғын үйлерде газ жабдығын пайдалану

6.1 Тұрмыстық тұтынушылардың баллондарын ауыстыру.

6.1.1 Топтық баллондық қондырғылардың баллондарын ауыстыруды пайдаланушы ұйымның қызметкерлері жүргізеді.

6.1.2 Жеке баллондық қондырғылардың баллондарын ауыстыруды тұтынушы немесе тұтынушының өтініші бойынша пайдаланушы персонал жүргізеді.

6.1.3 Баллондарды ауыстыру кезінде мыналар:

- газ баллоны мен газ құралдары орнатылған үй-жайда терезені немесе фрамуганы ашу, газ-баллондық қондырғының жарамдығын, ас бөлмеде газ құралдары мен баллонның дұрыс орнатылуын нақты білу, үй-жайда орнатылған баллонның ажырамалы қамыттың қабырғаға бекітілуін тексеру;

- газ-баллондық қондырғының жарамдығын нақты білу, газ құбырының бекітілуін, үй-жайдан тыс баллондарды орнату кезінде шкафтың жағдайын тексеру;

- бос баллонның шұрасын жабу, газ құбырынан жанарғы арқылы газды жағып шығару, газ құралының крандарын жабу, қысым реттеуіштен баллонды айыру, шұраның штуцеріне төселгіші бар металл бітеуішін салу;

- даладағы толықтырылған баллонды тексеру, ол үшін баллонның қорғағыш қалпақшасын шешіп, сыртқы қарап тексеру арқылы баллон мен шұраның жарамдығын тексеру (шұраның металл бітеуіші болуы тиіс);

- клапан соташығының тығыздығын тексеру - шұраның ашық кезінде бірігу жерлерінде шұраны сабынды эмульсиямен сабындап жуу; сабындап жуу арқылы баллон мойны мен шұраның қосылу жерінде тұмшалануын тексеру;

- шұра клапанының тұмшалануын тексеру – баллон шұрасын соңына дейін жабу, металл бітеуішін шешу және бұрандасымен бірге штуцерді сабынды эмульсиямен сабындап жуу;

- баллонды орнатып, оны бекіту;

- қысым реттеуіштің жамылғы сомынын шұра штуцеріне бұрау (төселгішті міндетті түрде орнатуды қоса);

- баллон шұрасы ашық және газ құралы крандарының жабық кезінде бұрандалық қосындылардың тұмшалануын сабынды эмульсиямен тексеру; қысым реттеуішін қалпына келтіру (топтық баллондық қондырғыларда);

- газ құралдары жанарғыларын жағып тексеру және газ жануының дұрыстығын нақты білу;

- тұтынушыларға газ-баллон қондырғысын қауіпсіз пайдалану ережесі бойынша нұсқау беру, пайдалану құжаттамасына қажетті жазбаларды енгізу қажет.

6.1.4 Баллондарды ауыстыру кезінде:

- бөтен адамдардың қатысуымен жұмысты жүргізуге, ашық отты пайдалануға, темекі тартуға, электр құралдарын қосуға және өшіруге;

- газ ағындысы бар бұзылған баллондарды орнатуға;

- шұрасы газды жауып қоятын баллонды орнатуға;

- қалпақшалар мен бітеуіштерді бұрау кезінде соққыш құрал-сайманды қолдануға тыйым салынады.

6.1.5 СМГ-ды жеткізу және тасымалдау кезінде газ және газбен қамтамасыз ету туралы заңнаманың ережелерін басшылыққа алу қажет.

6.1.6 Баллондарды екіден артық емес қабатты тұрғын ғимараттың пәтерлерінде (пәтерде бір баллоннан артық емес) орналастыруға рұқсат етіледі. Бұл ретте баллондар стандарттармен және басқа да нормативтік құжаттармен белгіленген өзінің таағйындалуына (қолдану саласына) сәйкес келуі тиіс. Жеке баллон қондырғыларын сыртынан бірінші қабаттың терезе ойықтарынан м және есік ойықтарынан 1,0 м кем емес, цоколды және жертөле қабаттанының терезе және есік ойықтарынан, сондай-ақ канализациялық құдықтардан 3,0 м кем емес жерде жарықта қарау қажет.

6.1.7 СМГ баллонын газ плитасынан 0,5 м (бірге жасалғандарды қоспағанда) және жылыту аспаптарынан 1 м кем емес қашықтықта орналастыру қажет. Экран баллон мен жылыту аспабының арасында орналасқан кезде қашықтықты 0,5 м дейін азайтуға рұқсат етіледі. Экран жанбайтын материалдар жасалуы және баллонды жылыту аспабының жылулық әсерінен қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

6.1.8 СМГ баллондарын тұрғын бөлмелер мен дәліздерде орнатуға жол берілмейді.

7 СМГ-дың резервуарлық және баллондық қондырғыларын пайдалану

7.1 Резервуарлық қондырғыларды пайдалануға беру

7.1.1 Құрылыс аяқталғаннан және пайдалануға берілгеннен, техникалық куәландырылғаннан және жөндеуден кейін резервуарлық қондырғылардың СМГ-ды алғашқы толтыру газ қауіпті жұмыстар өндірісіне жүктелім-рұқсаттама бойынша жүргізіледі.

7.1.2 Егер СМГ-ды сақтауға арналған резервуарлар бірнеше топқа біріктірілсе, осы резервуарларды алғашқы толтыру топтың әрқайсысына тізбектеп жүргізілуі тиіс.

7.1.3 Резервуарлық қондырғыларға сұйық газды құю тәуліктің жарық уақытында жүргізіледі. Солтүстік климаттық аймақтардың қалаларында резервуарлық қондырғыларға СМГ-ды құю арнайы жоспар бойынша тәуліктің қараңғы уақытында жүргізілуі мүмкін.

7.1.4 Резервуарлық қондырғыларға СМГ-ды құюды құрамында екіден кем емес адамы бар бригада орындау қажет.

7.1.5 Автоцистернадан резервуарлық қондырғыға СМГ-ды құю операциясын орындау алдында автомашина қозғалтқышы тоқтатылуы тиіс.

Оның көмегімен құю жүргізілетін автоцистерна және резеңке-мата майысқақ түтік жерге орнатылуы тиіс.

Қозғалтқышты қосу және жерқосқыш құрылғыдан автоцистернаны ажырату резеңке-мата майысқақ түтіктерді ажыратқаннан және автоцистернаның бу және сұйық фазасының өшіргіш құрылғыларының штуцерларындағы бітеуіштер мен резервуарлық қондырғының редуциялық басын орнатудан кейін ғана рұқсат етіледі.

7.1.6 Жер асты резервуарларын СМГ-мен алғашқы толтыруды бастамастан алдын мыналарды:

- сыртқы қарап тексеру арқылы резервуарлардың редуциялық бастарының арматуралық буындардың жинақтамасын, олардың механикалық зақымдалуының болмауын, өшіргіш құрылғылардың және бақылау-өлшеуіш құралдарының, редуциялық бастарының қорғауыш қаптамаларының, шарбақтар мен кірме жолдардың жарамдығын, ғимараттағы газ құбырының кірмелері бітеуіштерінің болуын тексеру;

- бітеуіштерді орната отырып қысымды реттеуіштен кейінгі өшіргіш құрылғыларды жабу арқылы резервуарларды төмен қысымдағы газ құбырларынан және төмен қысымдағы газ құбырындағы резервуарларды бу фазасы бойынша резервуарлардың іргелес топтарынан өшіру;

- алғашқы толтырылатын топтың барлық резервуарларын және резервуарлық қондырғылардың жабдығын 1 сағат ішінде 0,3 МПа қысымда ауамен бақылау тексеруді жүргізу қажет.

Үлгілік манометр бойынша қысымның көрінетін түсуі және сабынды эмульсия көмегімен анықталатын ағындылар болмағанда бақылау тексерудің нәтижелері оңды болып есептеледі.

- майысқақ түтіктерді жалғау үшін қолайлы қалыпқа автоцистернаны орнату.

7.1.7 Резервуарларды үрлеуді сұйық газ буларымен мынадай тәртіпте жүргізу қажет:

- автоцистернаның бу фазасының шұрасын резеңке-мата майысқақ түтігі арқылы резервуардың сұйық фазасының шұрасымен жалғау; ал осы резервуардың бу фазасының шұрасына биіктігі 3 м тұрақты мосыға бос ұшы одан шығатын газды ауа қоспасы жел бағытымен таратылатындай болып бекітілетін екінші майысқақ түтікті жалғау;

- автоцистернаның бу фазасының шұрасын асықпай ашып, майысқақ түтік бірігуінің тұмшалануын сабындап жуу арқылы тексеру және резервуардың бу фазасын ашу;

- автоцистернаға майысқақ түтік арқылы резервуардың сұйық фазасының шұрасын бірте аша отырып, үрлеудің қажетті режимін орнату (шығарылатын газды ауа қоспасының шығыны шамамен $0,2 \text{ м}^3/\text{с}$ құру қажет).

Үрлеудің аяқталуы үрлемелі резеңке-мата майысқақ түтіктен шығатын газды ауа қоспасындағы оттегі мөлшері бойынша анықталады. Егер қоспадағы оттегі мөлшері 1 %-дан аспайтын болса, үрлеу аяқталған болып саналады.

7.1.8 Резервуарларды үрлеу аяқталғаннан кейін СМГ сұйық фазасын төгуді бастайды, ол үшін автоцистернаның сұйық фазасының шұрасы резервуардың сұйық фазасының шұрасымен, ал автоцистернаның бу фазасының шұрасы резервуардың бу фазасы шұрасымен жалғасатындай етіп майысқақ түтікті қосады.

7.1.9 СМГ-ды құю үшін автоцистернаның өшіргіш құрылғыларын ашады, майысқақ түтіктердің штуцерлермен бірігуінің тұмшалануын сабындап жуу арқылы тексереді және газ ағындылары болмаған кезде резервуардың бу фазасы шұрасын ашады, содан кейін асықпай сұйық фаза шұрасын ашады.

7.1.10 Сұйық газдар қалдықтары жоқ резервуарларды толтыру кезінде (жаңа, техникалық куәландырудан немесе жөндеуден кейін) газдың еркін түсетін ағысында статикалық электр тоғының пайда болуын болдыртпау үшін оларға газ баяу берілуі тиіс.

7.1.11 Резервуарды толтыру кезінде құбырлардың өшіргіш құрылғыларын гидравликалық соққыларды болдыртпау үшін газдың жолымен біртіндеп ашу қажет.

7.1.12 Резервуарды (резервуарлар тобын) толтыру дәрежесін бақылауды резервуарлардың 85 % толуы кезінде бақылау түтікшесі арқылы жүргізіледі.

Бақылау түтікшесі шұрасынан сұйық фаза пайда болған кезде (газ түсінің өзгеруінен анықталады) резервуарды толтыру автоцистерна шұрасын жаба отырып дереу тоқтатылады, Майысқақ түтікті көтере отырып, одан сұйық газдың қалдықтарын резервуарға құяды, одан кейін резервуарлық қондырғылардың сұйық және бу фазалары шұралары жабылады.

Атмосфераға майысқақ түтіктерден газ қалдықтары автоцистернаның үрлемелі шұралары арқылы шығарылады және майысқақ түтіктерді резервуарлық қондырғы мен автоцистернадан ажыратады.

Резервуарлық қондырғының және автоцистернаның өшіргіш құрылғылары штуцерлеріне бітеуіштер орнатылады және сабындап жуу арқылы олардың бірігуінің тұмшалануы тексеріледі.

7.1.13 Атмосфераға бу фазасын тастау арқылы олардың қысымын төмендету есебінен резервуарларға СМГ-ды құюға тыйым салынады.

7.1.14 Автоцистерна мен газдың артық қысымындағы СМГ резервуарлық қондырғыларының редуциялық бастарының бұрандалы қосындыларын тартуға, майысқақ түтіктерде қысымның болуы кезінде өшіргіш құрылғының штуцерлерінен майысқақ түтікті ажыратуға, сондай-ақ сомындарды бұрау немесе қайта бұрау кезінде соққы сайманды қолдануға тыйым салынады.

7.1.15 Уландыру арқылы атмосфераға резервуардан артық СМГ-ды шығаруға тыйым салынады.

Резервуарлардан артық СМГ-ды төгу сұйық газдың автоцистернасына жүргізілуі тиіс.

7.1.16 Резервуарлар СМГ-мен толтырылғаннан кейін бекітпелі арматураның және редуциялық бастардың бұрандалы қосындыларының тұмшалануы газ индикаторымен немесе сабынды эмульсиямен тексеріледі. СМГ-дың анықталған ағындылары авариялық тәртіпте жойылуы тиіс.

7.1.17 Сыйымдылықты буландырғыштардың «көйлегіне» жылу тасығыш оларды Сұйық газбен толтырғаннан кейін ғана берілуі тиіс.

7.1.18 Қысым реттеуіштен кейінгі СМГ-дың жұмыс қысымы жобада көзделген максималды қысымнан аспауы тиіс.

7.1.19 Резервуарлық қондырғы редуциялық бастырының қорғауыш қаптамалары және қоршау есікшесі құлыпқа жабылуы тиіс.

7.1.20 Резервуарлық және буландырғыш қондырғылар алаңдарын қоршау «От қауіпті - газ» деген ескертпе жазбаларымен қамтамасыз етілуі тиіс.

7.1.21 СМГ-ды төгу кезінде резервуарлар мен автомобильдерду қараусыз қалдыруға рұқсат берілмейді.

7.1.22 Найзағайлық разряд кезінде резервуарлық қондырғыларға СМГ-ды құюға рұқсат берілмейді.

7.2 Баллондық қондырғыларды пайдалануға беру

7.2.1 Топтық баллондық қондырғыларды пайдалануға беруге дейін пайдаланушы ұйымда тіркелуі тиіс.

7.2.2 Топтық баллондық қондырғыларды пайдалануға беру кезінде монтаждың жобаға сәйкестігі тексерілуі тиіс.

Топтық баллондық қондырғылардың шкафтары қабырғаға немесе іргетасқа бекітілуі тиіс.

Топтық баллондық қондырғылар шкафтарының, үй-жайлары мен қоршауларының «От қауіпті - газ» деген ескертпе жазбалары болуы тиіс.

7.2.3 СМГ-ды беру алдында топтық баллондық қондырғылар байламасының газ құбырлары 1 сағат ішінде 0,3 МПа қысымда ауамен сыналуы тиіс.

Бақылау тексеру нәтижелері манометр бойынша көрітентін қысым түсуі және сабынды эмульсия көмегімен анықталатын ағындылар болмаған жағдайда оңды деп есептеледі.

7.2.4 Қысым реттеуіші қалыпқа келтірілгеннен және топтық баллондық қондырғының коллекторындағы өшіргіш құрылғыдан бастап ғимаратқа кірмедегі өшіргіш құрылғыға дейінгі газ құбырының учаскесін үрлеуден кейін тікқұбырлар мен пәтердегі газ құбырларын газбен үрлейді.

7.2.5 Ғимараттың сыртында орналасқан жеке баллондық қондырғының құрамына сыйымдылығы 50 л дейін екеуден аспайтын баллон, ал ғимараттың ішінде орналасқан жеке баллондық қондырғының құрамына біреуден аспайтын СМГ баллоны жатады.

Жеке баллондық қондырғы газ пайдалатын жабдыққа қосылумен бірге пайдалануға беріледі.

7.3 Баллондық қондырғыларды пайдалану

7.3.1 Баллондар арнайы жабдықталған автомобильдерде (мысалы, «тор» типтес) немесе ағаш ложементтермен жабдықталған немесе баллондарды бекіту үшін саны жеткілікті резеңке (жіп) сақиналар мен құралдары бар, түтіндік түтікте ұшқынбасқыш орнатылған жүк автомашиналарында тасымалдануы тиіс.

Автомашиналар жүк қауіптігі туралы ерекше белгілермен жабдыкталуы тиіс.

Тұтынушыға жеке автомобильде баллондарды соққылар мен орын ауыстыруынан сақтайтын құрылғыларды қолданған жағдайда тек бір баллонды өз бетінше тасымалдауға рұқсат беріледі.

Тасымалдау кезінде сыйымдылығы 50 литр баллондардың шұраштуцерінде металл бітеуіштің және мойнына бұралған металл қалпағы болуы тиіс.

7.3.2 Тиеу-түсіру жұмыстары және баллондарды орнату кезінде олардың құлауын, зақымдануын, ластануын болдыртпайтын шаралар қолданылуы тиіс.

Баллондарды автомобильден қалпақтарын төмен ұстап түсіруге рұқсат етілмейді.

7.3.3 Баллондарды тасымалдау немесе орнату кезінде газ ағындысы пайда болса немесе баллонның ақаулықтары анықталса, тұтынушыға мұндай баллонды орнатуға тыйым салынады.

7.3.4 Сұйық газдың топтық баллондық қондырғыларын пайдалануға баллондарды ауыстыру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жатады.

7.3.5 Топтық баллондық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай жұмыстар атқарылады:

- біріктіру орындарындағы және арматурадағы ағындыларды анықтау және жою;

- қорғағыш клапандарының жарамдығын және қалыпқа келтіру өлшемдерін тексеру;

- қысым реттеуішінің жарамдығын және қалыпқа келтіру өлшемдерін тексеру;

- газ құбырларының, қаптамалардың, шкафтар мен қоршаулардың жағдайы мен боялуын бақылау; баллондары бар шкафтар қондырғыларының сенімділігін және оның бекітілуін тексеру, қаптамалар, шкафтар мен қоршаулар есіктеріндегі бекітпелердің жарамдығын, ескертпе жазбаларды бар болуын тексеру; ғимараттар мен шкафтар қабырғалары бойынша жүргізілген газ құбырларының бекітілуін тексеру;

- манометрлердің жағдайы мен жұмысқа қабілеттігін тексеру.

Топтық баллондық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және оларды кестелер бойынша мынадай мерзімдерде жүргізілуі тиіс (егер шығарушы зауыттың жабдық төлқұжаттарына сәйкес осы жұмыстарды жүргізуге тым қысқа мерзім талап етілмесе):

- Техникалық қызмет көрсету - үш айда кемінде бір рет;

- реттегіш, қорғағыш және бекітпе арматураны бөлшектеумен бірге ағымдағы жөндеу – жылына кемінде бір рет.

Техникалық қызмет көрсету пайдаланушы ұйымның техникалық басшылығы белгіленген тәртіпте бекіткен нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

7.3.6 Жүргізілген жөндеу жұмыстары туралы мәліметтер топтық баллондық қондырғының төлқұжатына енгізілуі тиіс.

Техникалық қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеу бойынша барлық жұмыстар туралы топтық баллондық қондырғыны пайдалану журналында жазбалар жасалуы тиіс.

7.3.7 Арнайы құрылыста немесе ғимаратқа қосымша құрылыста орналасқан топтық баллондық қондырғыларды пайдалануды және олардың баллондарын ауыстыруды екіден кем емес жұмысшы жүргізеді.

7.3.8 Сұйық газдармен толтырылған баллондарды кез келген жөндеуге, оның ішінде шұраларды жөндеуге тыйым салынады.

7.3.9 Баллондардың техникалық куәландырылуы газ шаруашылығы кәсіпорындарында куәландырудың кезеңдігі мен ақауға шығару нормалары

көрсетілетін, баллондар құрылымын әзірлеуші бекіткен әдістеме бойынша жүргізіледі.

7.3.10 Сұйық газдары бар баллондар күн сәулесі және өзге де жылу әсер етуінен қорғалуы тиіс.

7.3.11 Тұрғын үйлер, саяжай және саябақ кенттерінің, өндірістік емес мақсаттағы қоғамдық ғимараттардың аумағындағы ашық алаңдар мен аулаларда сұйық газдары бар баллондарды қалдыруға рұқсат етілмейді.

7.3.12 Жертөле үй-жайларда сұйық газдары бар баллондарды сақтауға тыйым салынады. Қосымша толтырылған және бос баллондарды ғимараттардан тыс арнайы шкафтарда немесе қосалқы үй-жайларда сақтауға рұқсат беріледі.

7.3.13 Жеке баллондық қондырғыларға техникалық қызмет көрсетуді тұтынушылардың өтінімдері бойынша пайдаланушы ұйымның персоналы жүзеге асыра алады.

7.4 Резервуарлық қондырғыларға СМГ-ды құю

7.4.1 СМГ-ды пайдалану процесінде резервуарлық қондырғыларға құюды техникалық пайдалану ережесінің және техника қауіпсіздігі ережесінің талаптарына, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүргізу қажет.

7.4.2 СМГ-ды резервуарларға құюға ақаулықтар, резервуарлардың кезекті техникалық куәландырылуы мерзімінің өтуі анықталған, резервуарлардағы қалған қысым 0,05 МПа-дан аз болған кезде тыйым салынады.

7.4.3 СМГ-ды жер асты резервуарларына құю үшін мыналар:

- автоцистернаны резеңке-тама майысқақ түтігіне жалғау үшін қолайлы жағдайда орнату;

- резервуарлық қондырғының манометрі іс-қимылының жарамдығын тілін «0»-ге қысқа уақытқа орнату арқылы тексеру;

- автоцистернаның бу фазасы шұрасын резервуардың бу фазасы шұрасымен майысқақ түтік арқылы біріктіру;

- автоцистернаның сұйық фазасы шұрасын резервуардың сұйық фазасы шұрасымен майысқақ түтік арқылы біріктіру;

- автоцистернадағы бу фазасы шұрасын ашу, резеңке-мата майысқақ түтігі бірігуінің тұмшалануын және оның бүтіндігін (үрленуінің жоқтығын) тексеру, содан кейін резервуардың бу фазасы шұрасын ашу және манометрлер көрсеткіштерін бақылай отырып, резервуар мен автоцистернаның қысымын теңестіру;

- автоцистернаның сұйық фазасы шұрасын ашу, майысқақ түтік бірігуінің тұмшалануын және оның бүтіндігін тексеру, содан кейін резервуардың сұйық фазасы шұрасын бір қалыпты аша отырып, СМГ-ды құю қажет.

7.4.4 Автоцистернадағы газ қысымы резервуардағы қысымнан жоғары болатын жазғы мезгілде СМГ-ды резервуарларға сұйық фаза шекқұбыры арқылы құюға ғана рұқсат етіледі.

7.4.5 Буландырғыштармен жабдықталған резервуарларды толтыру алдында мыналар:

- буландырғышқа жылу тасығыш беруді өшіру;
- СМГ-ды құю қажет.

7.4.6 Автоцистерналардан жер асты резервуарларына СМГ-ды құюды жеделдету үшін егер олар резервуарлық қондырғының немесе баллондардан сұйық тауарлы газ энергиясының құрамына кіретін болса, буландырғыштарды қолдана отырып, жедел құю технологиясын қолдану ұсынылады.

7.4.7 СМГ-ды құю бойынша жұмыстардың нәтижелері газды қауіпті жұмыстарға жүктелім-рұқсаттамада ресімделеді.

7.4.8 Резервуарлық қондырғыға СМГ-ды құю аяқталғаннан кейін қысым реттеуішінің қалыпқа келтірілуін тексеру қажет.

7.5 Резервуарлық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу

7.5.1 Резервуарлық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай жұмыстар атқарылады:

- резервуарлық қондырғы аумағын және жабдығын шаңнан, кірден, қардан тазарту; - техникалық қызмет көрсету (жөндеу) үшін тұтынушыларды резервуарлық қондырғы тобының бірінен өшіру;

- кезекпен қысқа уақытқа сұйық фазаның шығуына дейін деңгейшекті түтікшелер шұраларын ашу арқылы әр резервуардағы газ деңгейін тексеру;

- арматурадағы, редуциялық бастардың байламасының және резервуар байламасының ағындыларын анықтау және жою (айына кемінде бір рет);

- газ ағындыларын анықтау үшін резервуарлардың сұйық фазасы төменгі байламасының құбырындағы бақылау түтікшелерін газ анализаторымен тексеру;

- құбырлардың, резервуарлық қондырғы қаптамалары мен қоршауларының жағдайы мен боялуын бақылау, қаптамалар мен қоршаулардың есіктеріндегі бекітпелердің болуын және жарамдығын, ескертпе жазбалардың, кіреберіс жолдардың бар болуын тексеру;

- резервуарлардың қайта куәландырылу мерзімдерін тексеру;

- автоцистерналардан сұйық газдарды құю кезінде майысқақ түтіктерді жалғау үшін келте құбырлар штуцерлер бұрандасының жарамдығын тексеру;

- қысым реттеуішінен кейінгі газ құбырындағы газ қысымын манометрмен бақылау, қажет болғанда оны номиналды мәніне қалыпқа келтіру;

- серіппелі қорғағыш клапанының жұмысқа қабілеттігін тексеру: тексеру жұмыс жағдайында клапан штогын мәжбүрлеп көтеру арқылы жүргізіледі. Бұл ретте газ шығымы бақылануы тиіс; әсер етуден кейін клапан орнынан түсіп, газ шығымын тығыз жабуы тиіс;

- бекітпелі қорғағыш клапанын қалыпқа келтіру өлшемдерін тексеру;

- оларды үш қадамды кранмен қысқа уақытқа өшіру арқылы серіппелі манометрлердің жағдайы мен жұмысқа қабілеттігін тексеру, бұл ретте манометр тілі нөлге келтірілуі тиіс – мұндай әдіспен манометрлер әрбір профилактикалық қарап тексеру кезінде және резервуарлық қондырғыны газбен толтыру алдында, бірақ айына кемінде бір рет тексеріледі; алты айда бір рет манометрлер бақылау манометрмен тексеруге жатады.

7.5.2 Резервуарлық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету жабдықтың, арматура мен құралдардың төлқұжаттарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес келетін кестелер бойынша жүргізіледі және мыналарды:

- резервуарлық қондырғылардың техникалық жағдайын газ құбырларын қарап шығумен қоса бір уақытта сыртқы қарап тексеруді;

- 3 айда кеміне 1 рет қысым реттеуіштерін және қорғағыш клапандарын қалыпқа келтіру өлшемдерін тексеруді;

- жылына кеміне бір рет жер асты резервуарларының серіппелі қорғағыш клапандарын қалыпқа келтіру өлшемдерін және олардың реттелуін тексеруді көздейді.

Техникалық қызмет көрсету газ желі ұйымының басшысымен бекітілетін технологиялық тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

7.5.3 Сұйық газдар резервуарлық қондырғыларынан газ құбырларына техникалық қызмет көрсету осы ережеде көзделген көлемде және мерзімдерде жүргізіледі.

7.5.4 Резервуарлық қондырғыны ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қызмет көрсетуге жататын жұмыстар орындалады, сондай-ақ:

- шұралардағы тығыздамаларды қайта тығыздау және бекітпелі крандарды майлау, барлық өшіргіш құрылғылардың ашылу жолының бір қалыптылығын және жабылу тығыздығын, бұрандалы, фланецтік, пісіргіш бірігулердің тұмшалануын тексеру;

- қысым реттеуішін бөлшектеу (газ құбырын газдан босатқаннан және бітеуішті орнатқаннан кейін), мембрандарды, клапандарды, серіппелерді, тұтқалы механизмды қарап тексеру, реттеуішке орнатылған тастанды қорғағыш клапанын қалыпқа келтіруді қоса реттеуішті жинақтау және жұмыстың берілген режиміне қалыпқа келтіру;

- одан кейінгі қалыпқа келтірумен және оның жұмысын тексерумен бірге қорғағыш бекітпелі клапанды тексеру;

- серіппелі манометрді мемлекеттік тексеруден өткен манометрмен ауыстыру;

- стендте оның қалыпқа келтірілуімен және реттелуімен қоса резервуарда орнатылған серіппелі қорғағыш клапанды тексеру; тексеру немесе жөндеу үшін шешілетін қорғағыш клапанының орнына жарамды қорғағыш клапан қойылуы тиіс, оның орнына бітеуішті қоюға тыйым салынады;

- қажет болғанда қоршауларды, редукциялық бастардың қорғаныш қатпамаларын, ескертпе жазбаларын және өртке қарсы жәшіктерін жөндеу және бояу.

7.5.5 Егер шығарушы зауыттардың жабдық төлқұжаттарына сәйкес осы жұмыстарды жүргізуге тым қысқа мерзім талап етілмесе, реттегіш, қорғағыш және бекітпелі арматураны бөлшектеумен қоса резервуарлық қондырғылар бастарының жабдығын ағымдағы жөндеу жылына кеміне бір рет жүргізіледі.

7.5.6 Қысым реттеуішін, тастанды және бекітпелі қорғағыш клапандарды тексеру және қалыпқа келтіру зауыт нұсқаулықтарының талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

7.5.7 Резервуарлар техникалық куәландырылуға жатады.

7.5.8 Буландыру және араластырғыш қондырғыларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу шығарушы зауыттың талаптары ескеріліп жасалған нұсқаулықтар бойынша жүргізіледі.

Буландыру қондырғыларының редуциялық арматурасын пайдалану бойынша талаптар резервуарлық қондырғылардың редуциялық бастарын пайдалану бойынша талаптарға ұқсас.

7.5.9 Резервуарлардан буланбаған қалдықтарды шығару сұйық газдар автоцистернасына жүргізіледі және резервуарлық қондырғылар иелерінің өтінімдері бойынша орындалады. Буланбаған қалдықтарды ашық ыдысқа немесе өндірістік канализацияға құюға тыйым салынады.

7.5.10 Резервуарлық қондырғы аумағында резервуарлар мен редуциялық бастарға қызмет көрсету мен жөндеуге қатысы жоқ адамдардың болуына рұқсат берілмейді.

Резервуарлық қондырғы аумағында темекі тартуға және ашық отты пайдалануға тыйым салынады, бұл туралы ескертпе жазбалар жасалуы тиіс.

Арматураны және редуциялық бастардың жабдығын газ қысымында бөлшектеуге және ауыстыруға тыйым салынады.

Бұрыштамалы шұраларды, деңгейшекті түтікшелерді, үшқадамды крандарды, манометрлерді тек мыс сыммен ғана жүргізу қажет.

Резервуарларға орнатылған қорғағыш клапандарды жарамдылыққа тексеру кезінде түсті металдан жасалған тұтқаларды қолданған тиіс.

7.5.11 Резервуарларды, редуциялық бастарды және буландырғыштарды техникалық куәландыру мен жөндеу нәтижелері резервуарлық қондырғының төлқұжатына енгізілуі тиіс.

Техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу бойынша барлық жұмыстар туралы резервуарлық қондырғыны ыдысының төлқұжатында және шығарушы зауыттың технологиялық жабдығының тиісті төлқұжаттарында жазбалар жасалуы тиіс.

7.5.12 Газ құбырларында және бекітпелі реттегіш арматурада гидраттар құрылуының алдын алу үшін сұйық газ резервуарларына мынадай көлемде метанол қосу ұсынылады:

- СМГ-да ерітінді судың бар болу жағдайында газ тоннасына 0,26 кг;
- СМГ-да бос судың бар болу жағдайында оның әрбір килограммына тағы 0,5 - 0,6 кг.

7.5.13 Резервуарлық қондырғыдан тұтынушыға газды тасымалдайтын газ құбырларында гидраттар құрылуының алдын алу үшін газ құбырларының жер асты төселгішін қолдану, жер үсті төселгішінде жылу спутнигін қолдану, жылытылған цоколь кірмелерін құру.

7.6 Жер асты резервуарлық қондырғыларынан СМГ-дың бу фазасының газ құбырларындағы конденсаттық және гидраттық бітеулерді жою

7.6.1 Тұтынушыда газ қысымы төмендеген немесе оның берілуі толық тоқтаған кезде мыналарды:

- газ құбырындағы барлық өшіргіш құрылғыларды ашуды;
- резервуарлық қондырғыда сұйық газдың болуын;
- резервуарлық қондырғыда газқысымының болуын;
- реттеуіштен кейінгі газ қысымының болуын тексеру қажет.

7.6.2 Реттеуіштен кейінгі қысымның жоқтығымен қатар бір уақытта резервуарда қысымның болуы оның қтпе қималарының көмірсутек кристалл гидраттарымен бітелуін білдіреді.

7.6.3 Реттеуіште гидраттық бітеулерді жою ашық отты пайдалануды болдыртпайтын техникалық құралдар көмегімен жүргізіледі.

7.6.4 Реттеуіште гидраттық бітеулерді жою алдында тұтынушыларға газ беру толық тоқтаған жағдайда, кірмедегі ортақ кран, баспалдақты торларда және пәтерлерде бекітпелі арматура өшіріледі.

7.6.5 Кірмеде қысым болмағанда ортақ кран жабылады және конденсат жинағыштан қол сорғы немесе вакуумдық қондырғы көмегімен конденсат шығарылады.

7.6.6 Газ құбырының қасбеттік ажыратқышы болғанда газ құбырына пісірілген краны мен бітеуі бар штуцер арқылы конденсатты жоюға рұқсат етіледі. Конденсат шекқұбыр арқылы арнайы тұмшалы ыдысқа құйылады.

7.6.7 Ғимаратқа кірмеде ортақ кран алдындағы газ қысымы болмаған жағдайда конденсат жинағыштан конденсатты жоюдан кейін жер астынан газ құбырының шығу учаскесінде жылыту арқылы гидраттық бітеулерді жойылады.

7.6.8 Ғимараттар қасбеті бойынша жүргізілген газ құбырларындағы бітеулерді жою су буымен немесе электр жылытқышпен жылыту арқылы жүргізіледі.

7.6.9 Қасбеттік газ құбырларында бітеулер жойылғаннан кейін конденсат жинағыштан конденсат жойылады.

7.6.10 Бітеулерді жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін тұтынушыға газ беру жүргізіледі.

Блімді қосамыз:

«Резервуарлы қондырғыларды техникалық куәландыру мен диагностикалау»

8 Көшпәтерлі тұрғын үйлерде газ жабдығын пайдалану

8.1.1 Тұрғын ғимараттардың газ жабдығына техникалық қызмет көрсету үш жылда кемінде бір рет жүргізілуі тиіс.

Шығарушының тұрмыстық газ пайдаланғыш жабдығына сервистік қызмет көрсету кезінде газ желілік ұйымның қызметкерлері оған техникалық қызмет көрсетуді жүргізбейді.

8.1.2 Газ жабдығын жөндеу оған техникалық қызмет көрсету кезінде анықталған ақаулықтарды жою үшін, сондай-ақ абоненттердің жазбаша немесе ауызша өтінімдері (өтінім бойынша жөндеу) негізінде жүргізіледі.

Техникалық қызмет көрсететін және (немесе) өтінім бойынша жөндеуді жүзеге асыратын газ желілік ұйымы жөндеу жұмыстарын ақаулықтар анықталғаннан (өтінім түскеннен және тіркелгеннен) кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей бастауы қажет.

Газ ағындылары авариялық тәртіпте жойылады.

8.1.3 Газ құбырларына және ғимараттардың газ пайдаланғыш жабдығына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді газ желілік ұйымы жүргізеді.

8.1.4 Тұрмыстық газ пайдаланғыш жабдық орнатылған ұйымдарда белгіленген тәртіпте оларды қауіпсіз пайдалануға жауапты адамдар тағайындалады.

8.1.5 Газдандырылған ғимараттардың иелері (жалға алушылар, жалдаушылар) және кондоминиум объектісінің басқару органының өкілі және үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің басқа бірлестіктері мыналарды:

- Түтінді және желдеткіш арналардың, оның ішінде біріктіргіш келте құбырларының түтін арналарының шеттерінің жағдайын уақытылы тексеруді және нәтижелерін журналда тіркей отырып, көрсетілген жұмыстардың орындалу сапасын тексеруді;

- түтінді және желдеткіш арналардың ақаулықтары және өз еркімен орнатылған газ құралдары мен жабдығы анықталған, пәтерлерді тұрғын емес үй-жайларға қайта жабдықтау, иелер (жалға алушылар, жалдаушылар) ауысқан кезде газ пайдаланғыш құрылығыны өшіру қажеттігі туралы газ шаруашылығы пайдаланушы ұйымын хабардар етуді қамтамасыз етеді.

8.1.6 Газдандырылған үй-жайлардың газдалуын бақылау мыналарда:

- жатақханалар мен қоғамдық ғимараттардың газдандырылған үй-жайларында;

- бірпәтерлі және блокталған тұрғын ғимараттардың цоколь және жертөле қабаттарындағы газификацияланған үй-жайларында (жылыту жабдығы орнатылған жағдайда);

- 60 кВт жоғары сомалы жылу қуаттығында тұрғын ғимараттардың газдандырылған үй-жайларында;

- оларда газ құбырлары жүргізілген жағдайда техникалық дәліздерде, үй асты қоймаларында, жертөлелерде;

- газдалуын тексеруге мүмкіндік болмаған жағдайда кірместен ғимараттар жертөлелерінде (дабылды сыртқа немесе адамдардың үнемі болуымен бірге үй-жайларға шығарумен) орнатылатын сигнализаторлармен жүргізіледі.

Газдалу сигнализаторларына қызмет көрсетуді және оларды тексеруді мамандандырылған ұйымның персоналы жүргізеді.

8.1.7 Техникалық қызмет көрсету кезінде мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

- газ пайдаланғыш жабдық құрылғысының және үй-жайдағы газ құбырлары төселгішінің нормативтік талаптарға сәйкестігін тексеру (визуалды);

- газ құбырларына және газ пайдаланғыш жабдыққа еркін жетуге рұқсаттың болуын тексеру (визуалды);

- газ құбырының боялу және бекітілу жағдайын, ғимараттардың сыртқы және ішкі конструкциялары арқылы газ құбырлары төселгіштерінің орнында футлярлардың болуы мен бүтіндігін тексеру;

- аспаптық әдіспен немесе сабынды эмульсиямен газ құбырлары мен арматура бірігуінің тұмшалануын тексеру;

- газ пайдаланғыш жабдықтың бүтіндігін және жинақталуын тексеру;

- газ құбырларында орнатылған крандардың (ысырмалардың) жұмысқа қабілеттігін және майлануын тексеру, қажет болғанда, тығыздамалық қымтағышты қайта тығыздау;

- түтінді және желдеткіш арналар тартымының болуын, түтінді арнамен бірге газ пайдаланғыш жабдықтың біріктіргіш құбырларының жағдайын, жану үшін ауаның келуін тексеру;

- тұрмыстық газ пайдаланғыш жабдықтың барлық крандарын бөлшектеу және майлау;

- тұрмыстық газ пайдаланғыш жабдықтың қауіпсіздік автоматикасының жұмысқа қабілеттігін тексеру, оны баптау және реттеу;

- жанарғыларды ластанудан тазарту, жабдықтың барлық жұмыс режимдерінде газдың жағылу процесін реттеу;

- тұрмыстық газ пайдаланғыш жабдықтың тұмшалануын тексеру;

- газ пайдаланғыш жабдықтың жекелеген буындарын және бөлшектерін ауыстыру немесе жөндеу (қалпына келтіру) қажеттігін анықтау;

- жағуға дейін және одан кейін жабдық тартымының болуын міндетті түрде тексеру туралы ескертетін газ жанарғыларының, жану өнімдерін түтін арнасына шығаратын құралдар мен аппараттардың арнайы кестешелерінің болуын тексеру;

- тұтынушыларға тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану ережесі бойынша нұсқаулар беру.

8.1.8 Қосымша тұрмыстық газды плиткасында мыналарды:

- үстелдің плита қорабына бекітілуінің сенімділігін;

- термोकөрсеткіш бекітілуінің сенімділігін және оның жұмысқа қабілеттігін;

- ыдыстың тұрақсыз жағдайын жасайтын үстел торының механикалық зақымдарының жоқтығын;

- духовка шкафының табақтары мен торларының бекітілу сенімділігін және еркін орын ауыстыруын;

- духовка шкафының есігінің бекітілуін;

- жанарғының автоматты түрде қосылуын, істіктің айналуын және аса қолайлы плиталардағы оттың өшуі кезінде жанарғыға газдың берілуін тоқтататын қорғағыш құрылғының жұмысқа қабілеттігін тексеру қажет.

Қосымша су жылытқыштарда мыналарды:

- отын камерасының қабырғаларына иректүтіктің қосылу тығыздығын, жылу жинағышта су тамшыларының немесе ағуының жоқтығын, негізгі жанарғының отынды үстін орнатудың көлденеңдігін, сондай-ақ негізгі және қосымша жанарғылардың қозғалуының жоқтығын, біріктіру келтек құбыры бөлімшелерінің арасында саңылауларының жоқтығын;

- кран блогының сулы бөлігінің (оның бөлшектенуімен бірге), жарғақтың, фильтрдің және мембран, сүзгінің және басқа да тораптардың жай-күйін;

- күйеден және отқабыршақтан тазарта отырып жылу алмасқыштардың жай-күйін (объектілерде немесе шеберхана жағдайларында);

- суық су шұраларының жұмысқа қабілеттігін тексеру қажет.

Қосымша тұрмыстық газды пештерде мыналарды:

- пеш қалануының және онда орналасқан рамкаларға жанарғының қарсы алдындағы жайманың жалғанған жерлерінде саңылауларының жоқтығын;

- тоқтаусыз әрекеттегі газ-жанарғы құрылғысымен жабдықталған пештердің тартым тұрақтандырғышының болуын (оның құрылымында бар болуы кезінде);

- жол мөлшерін бағыттайтын шибердің еркін жолын және шибердің диаметрі 15 мм аз емес қуысының болуын;

- пеш жылытқышы тартымының болуын;

- газ-жанарғы құрылғысының қауіпсіздік автоматикасының болуын тексеру қажет. Ол болмаған жағдайда газ-жанарғы құрылғысын ауыстыру қажет.

Жеке баллондық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету кезінде қосымша барлық жанарғылардың жұмыс істеуі кезінде газ пайдаланғыш жабдығының алдында және барлық жанарғыларға газды беруді тоқтатқаннан кейін газ қысымын тексеру қажет.

Газ қысымы 2,0-ден 3,6 кПа-ға дейін шектерде болуы тиіс.

8.1.9 Газ пайдаланғыш жабдыққа техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар құрамына шығарушының құжаттамасында көзделген жұмыстар міндетті түрде қосылуы тиіс.

8.1.10 Газ ағындылары және жарамсыз қауіпсіздік автоматикасы анықталған, түтінді және желдеткіш арналар тартымының бар болуы немесе

бұзылуы, газ пайдаланғыш жабдықты өз бетінше орнату кезінде, газ құралдарын, аппараттарды және басқа да жабдықтарды бітеуіштерді орната және актіні ресімдей отырып өшіру қажет.

Тораптар мен бөлшектерді ауыстырумен байланысты газ пайдаланғыш жабдықты жөндеу, газ құбырларын, футлярларды, бекітілулерді ауыстыру қажеттігі анықталған кезде абоненттер жөндеу туралы өтініштерді ресімдейді.

8.1.11 Диаметрі 50 мм дейінгі ішкі газ құбырлары крандарын майлауды үй-жайларға газдың шығуын болдыртпайтын инвентарлық бітеулерді қолдана отырып, газды өшірусіз жүргізуге рұқсат беріледі.

8.1.12 Тұрмыстық газ аппараттары мен құралдары алдында орнатылған крандарды майлау мынадай тәртіпте жүргізіледі:

- құрал алдындағы кран жабылады, үй-жайларды желдету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі (фрамугалар, желкөздер ашылады және т.б.), үй-жайлардан бөтен адамдар шығарылады;

- құрал жанарғысы арқылы газ жағып шығарылады;

- құрал алдындағы кран бөлшектенеді, газ құбырына инвентарлық бітеу қойылады;

- кран қорабы мен бітеу ескі майлаудан шүберекпен көмегімен тазартылады, кран бітеуін майлаумен жұқа қабатпен жағылады, кран жинақталады, оны айналдыру арқылы бітеу жолының лығы тексеріледі;

- инвентарлық бітеу алынады, кран орнатылады, сабынды эмульсия көмегімен бұрандалы қосындының немесе құралдың тұмшалануы тексеріледі, құралдың жанарғылары (жанарғысы) жағылады.

8.1.13 Су жылытқыш блок-кранының майлануы мынадай тәртіпте жүргізіледі:

- су құбырының шұрасы және су жылытқыш алдындағы газ краны жабылады, блок-кранның тұтқасы мен су жылытқыштың қаптамасы шешіледі;

- блок-кран бөлшектенеді, кранның бітеуі мен қорабы ескі майлаудан жұмсақ шүберекпен көмегімен тазартылып майланады;

- блок-кран жинақталады (кран бітеуі қолдың жеңіл күшімен бұралуы тиіс);

- су жылытқыш алдындағы газ краны ашылады, сабынды эмульсия көмегімен немесе құралмен блок-кранның тұмшалануы тексеріледі.

8.1.14 Газды плиталары крандарын майлау мынадай тәртіпте жүргізіледі:

- плита алдындағы кран жабылады (электр жабдығы бар плиталар жұмыс басталғанға дейін электр желісінен ағытылуы тиіс), жанарғының бірі арқылы газ жағылып шығарылады;

- жұмыс үстелінің торы, плитаның жоғарғы жанарғылары, жұмыс үстелі мен бөлгіш қалқанша шешіледі, кран бөлшектенеді және кран бітеуі алынады;

- кранның қорабы мен бітеуі ескі майлаудан тазартылады және қайта майланады;

- бітеу қорапқа қойылады және бірнеше рет бұралады, шығарылады, оның өту қуыстары майлаудан тазартылады, кран жинақталады;

- плитаның қалған крандары майланады, плита алдындағы кран ашылады, сабынды эмульсия көмегімен немесе құралмен кранның және оның коллектормен бірігу орнының тұмшалануы тексеріледі, плита жинақталады.

8.1.15 Газ пайдаланғыш жабдықтың газбен тексерілуі арнайы құралдардың (құрылғылардың) көмегімен жүргізіледі.

Құралдар болмаған жағдайда, тұрмыстық газ плиталарын тексеру бойынша жұмыс мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

- плита үстелі жанарғысының форсункасына немесе оның орнына мановакууметр немесе 5,0 КПа-ден кем емес артық қысым жасауға арналғын құрылғы (футбол добының камерасы немесе ауыспалы көлемді басқа да ыдыс) жалғанады;

- форсункасына мановакууметр мен ыдыс жалғанған жанарғы краны ашылады, ыдыс толық газбен толтырылады;

- газ плитасы алдындағы газ құбырының краны жабылады;

- газ құбырының тексерілетін учаскесінде ыдыстан газды сығып шығару есебінен 5,0 КПа артық қысым пайда болады;

- форсункасына ыдыс жалғанған жанарғы краны жабылады және мановакууметр бойынша тексерілетін учаскенің тұмшалануы тексеріледі. 5 мин ішінде қысымның төмендеуі 0,2 КПа-дан аспауы тиіс;

- ағындылар орнын іздеу сабынды эмульсия көмегімен немесе құралмен жүргізіледі, олар жойылғаннан кейін, форсункасына ыдыс жалғанған жанарғы краны ашылады және газ қысымы жұмыс қысымына дейін төмендетіледі;

- жанарғының біреуі жағылады және ыдыстан газ газ құбырына біртіндеп сығылып шығарылады, жанарғы краны жабылады, мановакууметр мен ыдыс ажыратылады, газ құбырының краны ашылады.

8.1.16 Тартым бойынша тұрмыстық газ пайдаланғыш жабдықтың қауіпсіздік автоматикасының жұмысқа қабілеттігін тексеруді арнайы құрылғыларды қолдана отырып жүргізу ұсынылады.

Құрылғылар болмаған жағдайда, тартым бойынша қауіпсіздік автоматикасының жұмысқа қабілеттігін тексеруді түтін жолында зарядсыздандуды (тартымды) жасанды бұзу арқылы тексереді.

Жылыту тұрмыстық пештерінің газ-жанарғы құрылғылары автоматикасының жұмысқа қабілеттігі мынадай тәртіпте тексеріледі:

- шиберді жабу, көру терезесіне алауды жақындату;

- көру терезесінен алаудың ауытқуы сәтінен бастап газдың түсуі тоқтатылған сәтке дейінгі уақытты секундөлшеуішпен өлшеу.

Автоматика 10 с-тан кем емес және 60 с-тан көп емес уақытта құрылғыға газдың түсуін тоқтатуды қамтамасыз етуі тиіс.

Су жылытқыштардың автоматикасын тексеру мынадай тәртіпте жүргізіледі:

- түтін шығарғыш келте құбырын ажырату және термотұрақты материалдан жасалған оның қатпарымен төсемді жабу;

- аппараттың келте құбырын жабу сәтінен бастап газдың түсуін тоқтату сәтіне дейінгі уақытты секундомермен өлшеу.

Автоматика 10 с-тан кем емес және 60 с-тан көп емес уақытта құрылғыға газдың түсуін тоқтатуды қамтамасыз етуі тиіс.

8.1.17 Газ құбырларын және жабдықты ауамен немесе 5 кПа қысымдағы газбен тексеру қажет.

Ағындылар орнын сабынды эмульсия көмегімен немесе газ іздеуіштермен анықтау қажет.

8.1.18 Актіні ресімдей және газ құбырына бітеуішті немесе жабық кранға пломба орната отырып, қоғамдық ғимараттардың мезгілді жұмыс істейтін газ пайдаланғыш жабдығын өшіру қажет.

8.1.19 Тұтынушының тұрғын, коммуналды-тұрмыстық үй-жайында жөндеу жұмыстарын орындау кезінде газ жабдығы бітеуіш стақанға үш айға дейін мерзімге өшіріледі. Аса ұзақ мерзімдерде газ жабдығын өшіру пісіру арқылы жүргізіледі.

8.2 желдеткіш және түтінді арналарды пайдалану:

8.2.1 Желдеткіш және түтінді арналар мерзімді тексеруден өтуі тиіс:

- жылу беру мезгілі алдында – мезгілді жұмыс істейтін газ құралдары мен аппараттарының түтін ағарлары;

- 12 айда 1 реттен аз емес – кірпіш, асбестцементті, қыш, ыстыққа төзімді бетонның арнайы блоктарынан жасалған түтін ағарлары.

8.2.2 желдеткіш және түтінді арналарды тексеру кезінде мыналар:

- бастапқы тексеру кезінде – қолданылған материалдардың нормативтік талаптарға сәйкестігі, ластанудың жоқтығы, тығыздық пен оқшаулануы, бөліктердің, біріктіргіш келтек құбырларының бар болуы мен жарамдығы, шеттердің жарамдығы және олардың жел тіреуіші аймағынан тыс орналасуы, тартымның болуы;

- мерзімді тексеру кезінде – ластанудың жоқтығы, тығыздық пен оқшаулануы, біріктіргіш келте құбырлардың және шеттердің жарамдығы, тартымның болуы анықталады.

8.2.3 желдеткіш және түтін шығарғыш арналардың техникалық жағдайын тексеруді ғимарат иесінің (жылға алушының, жалдаушының) немесе оның өкілінің, сондай-ақ кондоминиум объектісінің басқару органының немесе үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің басқа да бірлестіктерінің өкілінің қатысуымен мамандандырылған ұйым жүргізеді.

Бастапқы тексеру нәтижелері актімен, мезгілді тексеру нәтижелері арнайы журналда ресімделеді.

8.2.4 желдеткіш және түтін шығарғыш арналарының бұдан әрі пайдалануға жарамсыздығы анықталған жағдайда, тексеруші газ тұтынушыны газ құралдары мен жабдықпен пайдалануға тыйым салынатындығы туралы ескертеді, тексеру актісін ресімдейді және оны ғимарат иесіне (жалға алушыға, жалдаушыға) және ғимараттардың газ жабдығына техникалық қызмет көрсету

бойынша жұмыстар атқаратын пайдаланушы ұйымға газ пайдаланғыш жабдықты өшіру бойынша шаралар қолдану үшін жолдайды.

8.2.5 ғимараттар иелеріне (жалға алушыларға, жалдаушыларға) қысқы уақытта айына бір рет немесе одан жиі олардың қатуын немесе бітелуін болдыртпау мақсатында түтін арналары шеттерін қарап тексеру ұсынылады.

8.2.6 желдеткіш және түтінді арналарды жөндеу бойынша жұмыстар басталғанға дейін ғимарат иесі (тұрғын-пайдаланушы ұйым) пайдаланушы ұйымды газ құралдары мен жабдықты өшіру қажеттігі туралы жазбаша хабардар етеді.

Жөндеу аяқталғаннан кейін желдеткіш және түтінді арналар актіні ресімдеумен бірге кезектен тыс тексеруге жатады.

9 Қауіпсіздік техникасы және жұмыстарды орындау кезде еңбекті қорғау

9.1 Тұрғын үйдің газ жабдықтау жүйесін пайдаланатын газ желілік ұйымдарда өндірістік бөлмелерде немесе газдалған объектілерде жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру мен жүргізу, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар, бөлімшелер, мамандықтар (лауазымдар) үшін, сондай-ақ жұмыстар түрлеріне қарай технологиялық және пайдаланушы құжаттамалар қайта қарастырылуы (немесе жаңадан жасалуы) қажет. Олар жергілікті шарттарды мен пайдаланатын газдың ерекшеліктерін есепке ала келе жасалуы, сонымен қатар онда өрт қауіпсіздігі бойынша талаптары болуға қажет.

9.2 Жеке мамандар (лауазымдар) және жұмыстардың түрлері үшін еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар тізімін құру мен оларды жасау ұйымның еңбекті қорғау қызметімен ұйым маманының ұсыныстары негізінде жүргізіледі және ұйымның басшысымен бекітіледі.

9.3 Бөлімшенің, учаскенің (шебер, бригадир және т.б.) басшысы барлық мамандықтар (лауазымдар) мен орындалатын жұмыстар түрлеріне қарай бөлімшеде, учаскесінде жұмыс істейтін жұмысшылары үшін өзінде әрекеттегі нұсқаулықтардың жинағын ұстауы керек. Нұсқаулықтардың көшірмелері журналда немесе жеке нұсқаулықтың карточкасындағы тіркеумен алғышқы нұсқау берген кезде қарау үшін жұмысшыларға берілуі керек немесе жұмыс орындарында немесе бөлімшелердегі, учаскелердегі іліп қою қажет, немесе басқа жерде, жұмысшыларға жетімді орында сақталады.

9.4 Нұсқаулықтарды қайта қарау технологиялық процесстердің өзгерілген жағдайларда, құрал-жабдықтардың, аспаптардың модернизацияланған кезде, еңбекті сақтау бойынша жаңа нормативті актілерді енгізгенде және т.б., бірақ 5 жыл ішінде 1 реттен кем емес жасалады.

9.5 Ұйымдардың бөлімшелерінде еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар жасалауға тиісті мамандықтардың (лауазымдардың) тізідемесіне сәйкес және жұмыстардың түрлеріне қарай жұмысшылар үшін еңбекті қорғау бойынша

нұсқаулықтардың бар болуын қадағалау мен оларды уақтылы қайта қарау міндеттері газ желілік ұйымының басшысына тағайындалады.

9.6 Газбен жабдықтау жүйелерін пайдаланатын барлық мамандықтардың (лауазымдардың) жұмысшылары әрекеттегі нормативті-құқықтық актілеріне: кіріс, жұмыс орындағы алғашқы, қайтадан, жоспардан тыс, мақсаттық сәйкес еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтан өтеді

9.7 Кіріс нұсқаулығы жаңадан жұмысқа алынғандармен олардың білімдеріне, берілген мамандық немесе лауазым бойынша ұйым бойынша бұйрықпен тағайындалған адамға еңбек өтіліне қарамастан жүргізілуге тиіс. Нұсқаулық өткізілгені туралы жазба нұсқаулық алған және нұсқаулық бергеннің қолы міндетті қойылған кіріс нұсқаулық журналына енгізіледі.

9.8 Жұмыс орындағы алғашқы нұсқаулық жұмысқа қабылданған және оның өзіндік жұмысқа рұқсат бергенге дейін әр жұмысшымен жүргізілуі қажет, сонымен қатар жұмысшыны бір бөлімшеден екінші бөлімшеге немесе ол үшін жана жұмысқа аударған кезде нұсқаулықтан өтеді. Жұмыс орындағы алғашқы нұсқаулықтан кейін барлық жұмысшылар алғашқы 10 жұмыс ауысым бойы ұйым бойынша бұйрықпен тағайындалған жұмысшы басшылығымен сынау мерзімінен өтуі тиіс.

9.9 Қайта нұсқаулық дәрежеге, біліміне, еңбек өтіліне орындалатын жұмысының сипатына қарамастан 6 айында 1 реттен кем емес жұмыс орындағы алғашқы нұсқаулық көлемінде өткізіледі.

9.10 Жоспардан тыс нұсқаулығы келесі жағдайларда өткізіледі:

- технологиялық процесстің өзгерілуі, құрал-жабдықтардың жабдыкталуы мен модернизациялау кезінде, сонымен қатар еңбек шарттары айтарлықтай өзгерген кезде;

- жұмысшылардың зақымдануға, апатқа, жарылысқа немесе өртке, улануға әкеп соғуға мүмкін болатын еңбек қауіпсіздігі бойынша ережелерді, нормаларды және нұсқаулықтарды бұзған кезде;

- еңбекті қорғау бойынша жаңа нормативті актілерді енгізген кезде, сонымен қатар оларға өзгерістерді енгізген кезде;

- бақылау органдар және ұйымның басшысының талап қойған кезде.

Нұсқаулықтың көлемі мен мазмұны осы нұсқаулықты жүргізудің қажеттілігін туғызған жеке бір жағдайға, оның себебі мен салдарына қарай анықталады.

9.11 Мақсаттық нұсқаулық жұмысшыларға олардың негізгі мамандыққа (лауазымға) тән емес соның ішінде реттік жұмыстарды орындауының алдында өткізіледі және осы жұмыстарды орындауға рұқсат беретін құжаттамаларда тіркеледі.

9.12 Жұмыс орындағы алғашқы нұсқаулық, қайта нұсқаулық, жоспардан тыс және мақсаттық нұсқаулықтар жұмыстардың тікелей басшысы жүргізеді

9.13 Еңбек қауіпсіздігі бойынша барлық өткізілетін нұсқаулықтардың нәтижелері мақсаттық нұсқаулықтан басқа нұсқаулықтарды тіркеу журналына және жеке карточкасына енгізіледі

9.14 Нұсқаулықтарды жүргізу бойынша бақылау еңбекті қорғау бойынша маманына немесе жұмыс берушінің бұйрығына сәйкес оған жауапты жұмысшыға тағайындалады.

9.15 жұмыстарды орындаған кезде жұмысты сақтау (қауіпсіздігі) бойынша ережелер мен нұсқаулықтар талаптарын орындау бойынша жауаптылар жұмыстардың басшылары болып табылады.

9.16 Газ қауіпті жұмыстарға осы жұмыстарды дайындау мен қауіпсіз орындау бойынша шаралар кешенін жасау мен жүзеге асыруды қарастыратын наряд-рұқсаттама жасалады

Газ қауіпті жұмыстарды орындаған кезде отты тұту, шылым шегу, сонымен қатар жұмыс орындарға бөтен кісілерді болдыруға тыйым салынады

9.17 Газ қауіпті жұмыстар тәуліктің жарық кезінде орындалуы керек. Газ қауіпті жұмыстардың басқа уақытында да газ желілік ұйымының техникалық басшысының рұқсат беруімен жүргізуіне болады.

Осы тармақтың талаптары апаттық-диспетчерлік қызметпен орындалатын жұмыстарына таралмайды.

9.18 Газ қауіпті жұмыстарда жұмыс істейтін жұмысшылар орындалатын газ қауіпті жұмыстардың түріне сәйкес қажетті қорғану құралдарымен және құрылғыларымен қамтамасыз етілуі тиіс

9.19 Зақымданған жерасты газ құбырларындағы жұмыстардың барлық түрлерінде жұмыстарды жасаған кезде газ құбырынан шығатын газдың тұтануын болдырмайтын барлық шаралар қолданылуы тиіс. Егер қазған кезде газбен тұншығу немесе улану қатері төніп тұратын болса, жұмысшылар дем алу мүшелерін қорғайтын айырғыш құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Фильтрлейтін газ қағарларды пайдалануға тыйым салынады

9.20 Ұйымда көрінетін орындарында өрт пайда болған жағдайда немесе апаттық оқиға пайда болған кезде цехтан (учаскеден) эвакуация жоспары (схемалары) жасалынып, ілініп қойылуы қажет, сонымен қатар апат, жарылыс, газдың, улы және зарарлы заттектерінің шығарылуын бақылауға мүмкін болмайтын жағдайларда жұмысшылардың іс-әрекеті жөнінде нұсқаулық жасалынып, жұмысшылармен таыныстырылып қойылуға тиіс.

9.21 Қысымда жұмыс істейтін СМГ сұйыққоймалық және баллондық қондырғылар олардың құрылымына және қауіпсіз пайдалануына жататын әрекеттегі нормативті құжаттамаларға сәйкес болуы керек.

9.22 Сұйыққоймаларды сұйытылған газбен алғашқы толтырған кезде, сонымен қатар оларды жөндегеннен және техникалық куәландырғаннан кейін тікелей сұйытылған газбен толтырмас бұрын сұйыққоймаларды сұйытылған газ буларымен немесе инертті газдармен үрлеп тазарту жұмыстары өндірілуі керек.

Үрлеп тазартудың соңы шырақтан шығатын газ ауалық қоспасындағы оттегінің шоғырлануымен анықталады; қоспасындағы көлемінен 1 % аспайтын оттегінің мөлшері болса, үрлеп тазарту аяқталды деп есептеуге болады.

9.23 Сұйыққойманы сұйытылған газбен толтыру кездегі барлық жағдайларда құбырлардағы ысырмаларды және тетіктерді газдың бағдары бойынша, ақырындап, гидравликалық соққыны болдырмау үшін ашылады

9.24 Сұйыққоймаларды сұйытылған газдармен толтыру 40 °С артық газдардың температурасының әр түрлілігі кездегі олардың жалпы сыйымдылығынан 85% артық емес мөлшерде өндірілуі тиіс. Температураның үлкен әр түрлілігі кезінде толтыру нормасы сәйкес төмендетілуі тиіс.

Жерасты сұйыққоймаларды деңгейді өлшеу үшін құрылғымен оларды жабдықталған кезде олардың геометриялық сыйымдылығынан 90 % артық толтыруға болады.

9.25 Жабық ыдыстарды жұмыстарды орындау үшін үш адамнан кем емес жұмысшы қажет, олар құтқарушы белдеулермен және газ қағарлармен қамтамасыз етуліуі тиіс. Сонымен бірге олардың екеуі сұйыққойманың сыртында жел өтпейтін жерде орналасуы керек, олардың біреуі сұйыққоймада орналасқан жұмысшының құтқарушы белдеудегі арқанның ұшын ұстап тұруға тиіс, ал екіншісі ыдыстың ішіндегі қауіпсіз жұмыстарды орындау бақылауын жүзеге асыруы тиіс.

Ыдыстың ішінде орналасқан жұмысшыда арқаны бар сақтандырушы белдеу және пайдалану үшін дайындалған шлангілік газ қағар болуы қажет.

9.26 Ыдыстың ішінде жарық үшін сыртында орналасқан шамдар немесе 12 В артық емес кернеуі бар, қорғауыш тормен сақталған қозғалмалы қолданбалы шамдар пайдаланғаны жөн. Қозғалмалы шамның сымы резеңкелі тетікке сақталуы тиіс.

9.27 Сұйыққоймалық қондырғының территориясында сұйыққоймаларға, редукциялық бүркеншіктеріне және автоцистерналарына қызмет ету мен оларды жөндеуге қатыспаған тұлғалардың болуына тыйым салынады.

Автоцистернаның қасында оттың пайда болған жағдайында оны шұғыл қауіпсіз жерге тасымалдау керек, ал егер оны жасауға мүмкіндігі жоғ болған жағдайда – автоцистернаны суару қажет

9.28 Жаппа гайкаларды бұрауға және жеңдердегі қысымы бар болған жағдайда жеңдерден штуцерлердің ысырмаларын немесе тетіктерін ажыратуға, сонымен қатар гайкаларын бұрау кезде соқпалы аспапты пайдалануға тыйым салынады

9.29 Сұйытылған газбен толтырылған баллондарды, сонымен қатар сол баллондардың тетіктерін кез келген жөндеу жұмыстарын жүргізуіне тыйым салынады.

9.30 Буланбаған газдың сұйыққоймалардан құйылуы арнайы жабдықталған герметикалық сыйымды ыдыстарға өндірілуі қажет. Буланбаған газдың ашық ыдысқа құйылуы немесе өндірістік канализацияға болмайды.

9.31 Сұйытылған газдың қондырғылары бекітілген тәртіп бойынша өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сай өрт сөндірудің алғашқы құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

9.32 Сұйытылған газдың топтық баллондық қондырғыларының шкафтары мен бөлмелері, сұйыққоймалық және булық құрылғылар аймақтарының қоршаулары «Өрттенгіш - газ» ескертпе жазбалармен қамтамасыз етілуі тиіс.

10 Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

Газ жабдықтау жүйелерінің объектілеріне қызмет етуді жүзеге асыратын басшылар, техникалық басшылары, инженерлер, мамандар мен ұйым қызметкерлері осы Ережелерінің талаптарын сақтау бойынша жауапкершілігін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтереді.

Тұрмыста газды пайдаланатын тұтынушыларға алғашқы нұсқау беруге арналған тақырыптардың үлгілік тізбесі

| Тақырып атауы | Нұсқау беру мазмұны | Нұсқау беру ұзақтығы, мин. |
|--|---|-----------------------------------|
| Газдардың қасиеттері | Сұйық мұнай газының жарылыс шектері. Газдың адамға физиологиялық әсер етуі. Газдарды одоризациялау туралы қысқаша мәліметтер. | 3 |
| Газды жағу | Газ құралдары мен жабдығы алдындағы газдың номиналды қысымы. Газдың толық немесе толық емес жануы. Жалын тұрақтылығы. Газды тиімді және үнемді пайдалану. | 3 |
| Газ беру. Газ шығынын есепке алу. | Газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді, оны диагностикалауды және жөндеуді ұйымдастыру. Газ жабдығын, газ шығынын есепке алу құралын, автоматика мен сигнализацияны жарамды техникалық жағдайда ұстау. Тұрмыста газ пайдалану кезінде қауіпсіздіктің жалпы талаптары. Газ берудің шарттары. Газ шығынын есепке алу. Газды беру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер ақысы. | 5 |
| Ұйымдардың газ құралдары мен жабдығының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету. | Газ құбырларын, газ құралдары мен жабдықты, газ шығынын есепке алу құралын, автоматика мен сигнализация құрылғыларын жарамды күйде ұстау, оларға техникалық қызмет көрсетумен жөндеуді ұйымдастыру, Жұмыс персоналын оқыту. Газды қауіпсіз пайдаланудың жалпы талаптары. | 5 |
| Газ плиталарын қауіпсіз пайдалану ережесі. | Тұрмыстық газ плиталарының типтері, олардың құрылымы, негізгі техникалық сипаттамалары. Плиталарды қолдану және оларды күту ережесі. Жанарғылар жұмысы режимінің бұзылуы және тұтынушылардың оларды жою тәсілдері. Қиыстырылған электр газ плиталарын қауіпсіз пайдалану | 10 |

| Тақырып атауы | Нұсқау беру мазмұны | Нұсқау беру ұзақтығы, мин. |
|--|--|----------------------------|
| | ерекшеліктері. Пайдаланушы ұйымның персоналы ғана жоюы тиіс ақаулықтар. Тұтынушылардың кінәсінен болатын авариялар сипаты, олардың салдары. | |
| Ағынды су жылытқыштарды қауіпсіз қолдану ережесі | Типтері, құрылымы және негізгі техникалық сипаттамалары. Қауіпсіздік автоматикасы. Құралды қолдану ережесі және құралды күту. Абоненттер өтініштері бойынша пайдаланушы ұйым жоятын ақаулықтар. Газды қолдану және пайдалану ережесін бұзу кезінде мүмкін болатын авариялар, олардың салдары. | 10 |
| Жылыту жабдығын қауіпсіз пайдалану ережесі. | Жылыту жабдығының типтері. Сыйымдылық су жылытқыштарды, жылытқыш пештерді, автоматтандырылған қазандарды қауіпсіз пайдалану. Тән ақаулықтар. Қауіпсіздік автоматикасы. | 10 |
| Желдеткіш және түтін шығарғыш арналар. | Газ жабдығын түтін арналарына жалғау. Түтін арналарының құрылғылары мен жұмысы. Тартымды тексеру, оның бұзылу себептер мен оны қалпына келтіру тәсілдері. Тартымның бұзылуы кезінде газ жабдығы жұмысының салдары. Газ құралдары мен жабдығы орнатылған үй-жайлардағы желдету. Желдеткіш және түтінді арналарға техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, оларды жарамды күйде ұстау. | 5 |
